


Таңдай біл де,
талап қыл
2-бет



Маңызды ұсыныстар
айтылды
3-бет



Отандық киноға
олжа салған
8-бет



ҚАЗДАУЫСТЫ ҚАЗЫБЕК БИ: СӨЗДІҢ АТАСЫ – БІРЛІК, АНАСЫ – ШЫНДЫҚ

ORTALYQ QAZAQSTAN

ҚАРАФАНДЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ - САЯСИ ГАЗЕТИ

www.ortalyq.kz



www.instagram.com/ortalyq.kz/

СЕНБИ, 6 ҚАҒТАР, 2024 ЖЫЛ №2 (23 324)



www.facebook.com/ortalyq.kz/



info@ortalyq.kz

• КӘСІБІҢ – НӘСІБІҢ

Түзелу жолындағы талшыныс

Бұрын-соңды бұл жерге ат ізін салмағанның бойын үрей билейді. Жаңы қалтырап, жан-жағына жатсына қарайсың. Әр жақтағы өмір – беймәлім. Қалай екенін, тіпті, елестету мүмкін емес. Сарт-сұрт еткен темір есіктің бірінен өтіп, екіншісіне келіп тоқтайсың. Тағы тексеріс, бітпейтін тексеріс. Заңы солай. Бірақ, ішке кіргеннен көз алдында мүлдем басқа көрініс ашылып жүре береді. Тап-тұйнақтай айнала, көлденең жатқан бір шөп көзге көрінсең. Темір қоршау мен темір есікті айналып өтіп, дәл осы жерге кездейсоқ тап келсең, «түрме» деп әсте ойламайсың. Формадағы қызметкерден бастап, арнайы киімдегі жазасын өтеушілердің өзі тоқтаусыз қайнаған тіршіліктің қазанында өзіне тиесілі істі атқарып жатыр. Қарап тұрған ешқайсысы жоқ. Қызу еңбек. Бұл – Қазақстан бойынша колониясы ең көп облыс – Қарағандыдағы қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің №32 түзету мекемесі. Түсінікті тілмен айтқанда, әйелдер колониясы. Жасы бар, жасамысы бар, егде тартқаны бар, осы жерде 400-ге тарта жолы жіңішке жан жазасын өтеуде.

Салтанат ПИЯШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Басты мақсат – дұрыс жолға бағыттау

Бұған дейін Қарағанды облысы бойынша қылмыстық атқару жүйесі департаментінің АҚ-159/9 мекемесі аталып келген әйелдер колониясының бүгінгі атауы – Ішкі істер министрлігінің қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің «№32 мекеме» республикалық мемлекеттік мекемесі. Абай ауданы, Көксу кентінің Северное ауылында орналасқан 600 орындық колонияда 400-ге тарта әйел бостандыққа шығатын күнін күтіп отыр.

«Жаңылмайтын жақ, сүрінбейтін тұяқ жоқ». Өмірдің өзі ақ пен қарадан тұрады десек, қай күні және қашан басымызға қайғының қара бұлтты үйірлеріне ешқайсымыз кепілдік бере алмаймыз. Кең дүниені тар етіп, қапасақ қамаламын деп те әсте ойламаған жазасын өтеуші әр әйелдің дәл осы жерге түсу тағдырлары да әр алуан. Бірі – жастықпен жүріп от басса, бірінше жоқшылық әсер еткен. Бірі – алданса, ал, келесі бірі өзін қорғаймын деп, жаза арқаалаған. Бірақ, қалай болғанда да, әйел жүрген жердің ерекше құбылып, ерекше бір реңкке ие болатын тәрізді, сырттағы өмірден бөліп тұрған темір қоршау мен тікенді сым болмаса, №32 түзету мекемесінде өмір өзінше жалғасуда. Өзінше де емес, өзгеше жалғасуда. Себебі, дәл осы қауіпсіздігі орташа түзету мекемесінің басты ұстанымы – дұрыс жолға бағыттау.

– Атауы айтып тұрғандай, мекеменің мақсаты – сотталғандардың түзелу жолына түсуіне үлес қосу. Түзеу жолына қоюдың бір бағыты – сотталғандарды жұмыспен қамту, кәсіби білім алуына қолдау көрсету. Осы бағытта біраз жұмыстар атқарылуда, – дейді №32 мекеме бастығының орынбасары, әділет полковнигі Нұржан Әбдіров.

Сондай-ақ, полковник өндірістік жұмысқа тартылғандар еңбек дағдысын қалыптастырып қана қоймай, қылмыс жасау арқылы мемлекетке және жұриленушілерге келтірілген шығынды өтеу мүмкіндігін алатынын айтады. Яғни, жалақы алатын сотталушылар жазасын өтей жүріп, азық-түлікпен қатар, күнделікті тұрмысқа қажетті заттарын алады. Тіпті, темір тордың әр жағында отырып, отбасына көмек көрсететіндері де бар. Ал, жиналған жалақысы жазасын өтеп шыққаннан кейінгі алғашқы



кезде материалдық жағдайын реттеуге мүмкіндік береді.

Темір тордағы тіршілік

Мекеме түзетіп қана қоймай, білім берумен де айналысатынын айттық жоғарыда. Нұржан Шынарұлы 1 қыркүйекте салтанатты түрде қоңырау соғылып, әйелдер сынып парталарына да отыратынын айтады.

– Сотталғандар мектеп қабырғасынан білім алып қана қоймай, түрлі мамандықтарды игереді. Мәселен, өткен жылы облыстық білім басқармасының қолдауымен мекеме жанында ашылған колледжде «тігінші», «құрылысшы» мамандықтары бойынша мемлекеттік үлгідегі диплом алады. Бітіргеннен кейін осы жерде жұмыстарын жалғастырады. Негізгі жұмыспен қамтушы – Қылмыстық-атқару жүйесі мекемелеріндегі «Еңбек» кәсіпорны. Атап айтқанда, «Еңбек-Қарағанды» филиалының №9 өндірістік учаскесінің тігін цехы, – дейді Нұржан Әбдіров.

Цехта 130 адам жұмыс жасайды. Негізін арнайы киімдер, күш құрылымдарының нысанды киімдері, көрпе-жастық, төсек орын жабдықтары, медицина саласының киімдерін тігеді.

– Жасаған қателігіміздің салдарынан

қазір осы жерде жазамды өтеп жатырмын. Бірақ, өкінгенмен еш қайран жоқ. Көнеңің, көңдігесің, әрі қарай өміріңді жалғастыра-сың. Тігін цехында жұмыс істеп жүрмін. Жалақымыз аламын. Ауылда өскен баланың қолы әр нәрсеге епті келетіні бар емес пе?! Бұған дейін тігін тікпесем де, осы жерде үйрендім. Бұл да бір кәсіп. Темір торға түскеніммен, өмір тоқтап қалмайды, жалғаса береді. Бостандыққа шыққаннан кейін де өмір сүру керек. Жақсы маманға қайдан болсын жұмыс табылады. Сол кезде осында үйренген кәсібіміз керек болатыны сөзсіз, – дейді аты-жөнін жасыруды сұраған жазасын өтеуші.

№9 өндірістік учаскесінің тігін цехының басшысы Сергей Ткачевтың айтуынша, осы жерде тігетін арнайы киімдерге кіші және орта бизнес өкілдері қызығушылық танытып, тапсырыс беруге ниетті. Себебі, сапасы да жоғары.

Етікші де – өзі, шаштараз да – өзі

№32 мекемесінде алдағы уақытта кіші және орта бизнес құрылымдарын арттыру арқылы сотталғандарды толық жұмыспен қамту мүмкіндігі қарастырылуда. Ол үшін тоқсан сайын мекемеде бизнес өкілдеріне экс-

курсия да ұйымдастырылатынын айтады Нұржан Әбдіров. Осы мақсатта мекеме ауамағында бірлескен шарт негізінде 3 бизнес субъектісі сотталғандарды жұмыспен қамтуға ниетті.

– Болашақта осы жерде үйге, балабақша мен кенсеге арналған жұмсақ және корпусық жиһаз өндіріледі. Одан бөлек, ескі жиһаздарды қайта өңдеу жұмыстары атқарылады.

Тіпті, ұлттық нақыштағы көдесей шығаратын боламыз. Арнайы киім тігетін жеке кәсіпкер де осы жерде сотталғандарды жұмыспен қамтуға мүдделі, – дейді Нұржан Шынарұлы.

Тігін цехынан бөлек, сотталғандар мекеменің шаруашылық-лимиттеу қызметінде жұмыс істейді. Атап айтқанда, аспазшы да, шаштараз да, етікші де әйелдердің өздері. Ал, алимент төлеушілер және мемлекеттің кірістері және жәбірленушілер қорына атқару парактары бойынша төлемақылары барлар бірінші кезекте жұмысқа орналастырылады.

– Сотталғандардың көбі мекемеден босап шыққан соң өмірлерін жаңадан бастайды. Босап шығар алдында қызметкерлер олармен жұмыс жасап, «Қақпа алдындағы кездесу» жобасы бойынша бостандыққа шығатын азаматшаның отбасы жағдайын біліп, мүмкіндігінше еңбекпен қамтылуын ұйымдастырып, қоғамға қалыпты адам ретінде оралуына мүмкіндік жасайды, – дейді Нұржан Әбдіров.

Әділет полковнигі бостандыққа шыққаннан кейін өмірлері өз қолдарында дейді. Бұдан кейін теріс жолға түспесе екен деген ниетте...

• ЖЕДЕЛ ЖЕЛІ

Алға, Жаңа Қазақстан! Артыңа қарайлама енді!

Серік АҚСҰҢҚАРУЛЫ,
Абай атындағы Мемлекеттік сыйлықтың иегері



Жаңа Қазақстан биылғы жаңа жылының күнтізбесін қара бұлтты серпіп, төбеден жаңа Күн шыққандай парактап жатыр! Қаңтар қыргынынан бері Атыраудан Алтайға дейінгі аймақта жауабы жоқ сауалдар кезіп жүр еді, бүгін сол сұрақтарға нақты жауаптар беріліп, көңілдегі көп күдіктен арылып, болашаққа нық сеніммен қарайтын күн туды! Қаңтар оқиғасы – біреулер айтып жүргендей халықтық көтеріліс емес, Ескі Қазақстанның Жаңа Қазақстанға қарсы ерегесінен туған есерсоқ, жөнсіз оқиға екеніне шынайы объективтік баға берілді!

Ел отыз жыл бойы халықтың қазынасын ұрлап-жырлағандардың заң алдында тік тұрып жауап беретін күнін демін ішіне тартып күтіп отыр! Олардың тігіншестері кім? Елді адастырғандардың аты-жөні қашан аталады? Бұған тергеу органдары нақты жауап берген күні Жаңа Қазақстанның іргесі мықты, жүрек жолы құтты болатынына біздің сеніміміз кәміл!

Алға, Қазақстан! Артыңа қарайлама енді! Сенің дүниежүзілік өркеніеттің асқақ төрі күтіп тұр!

• АУА РАЙЫ

Апта соңы аязға ұласпақ

Синоптиктер 6-8 қаңтарға арналған ауа райы болжамын жариялады.

Ерқанат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Демалыс күндері 25-30 градусқа дейін аяз болады. Алдағы күндері Атлантика циклоны белсенді. Одан туындайтын атмосфералық фронттардың әсерінен Қазақстанның басым бөлігінде қар, ал, оңтүстік өңірлерде қар аралас жаңбыр жауады. Мәселен, 6 қаңтарда солтүстік-батыста қалың қар жауады, оңтүстікте де мол жауын-шашын болады.

7-8 қаңтарда солтүстік-батыста, солтүстікте және орталықта толассыз қар жауады. Жауын-шашымен қатар, республиканың солтүстік жартысында көктайғақ болып, боран соғады. Республика бойынша тұман түсіп, жел күшейеді. Елдің батысына, солтүстік-батысына, солтүстігіне және шығысына солтүстік-батыс антициклонының ықпалымен суық ауа массалары келеді. Салдарынан ауа температурасы күрт төмендейді. Батыста және солтүстік-батыста түнгі уақытта күн райы 8-25 градус аязға дейін, солтүстікте 5-30 градус аязға дейін, ал, республиканың шығысында 5-18 градусқа дейін суытады. Оңтүстік өңірлерде түнгі температураның негізгі фоны минус 5 және плюс 7 градус шегінде болады.



• МАРАПАТ

Автоеріктілер ерледі

Полицейлерге қар құрсауынан адамдарды құтқаруға көмектескен автоеріктілерді Қарағандының бас полицией марапаттады.

Ерқанат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Өздеріңізге мәлім, өткен жылдың 29 желтоқсаны мен 2024 жылдың 2 қаңтары аралығында өңірде ауа райы күрт өзгеріп, аймақ ақтүтек боранға оранды. Дереве көлік ағынына барыпша шектеу қойылып, полиция департаментімен республикалық маңызы бар автожолдарға бекеттер орнатылғаны белгілі.

Өткен бес күн ішінде полиция қызметкерлерінің пәрменімен жолда қалған 18 мың автокөлік жақын маңдағы елді мекендерге жетті. Тек, Астана қаласына қарай бағытта 4 мыңнан астам, яғни, қоғамдық, жүк және жеңіл көліктер жиналып қалған еді. Жеті мыңнан астам адам, оның ішінде, 800-дей бала жолда қалды.

Тәртіп сақшылары мемлекеттік орган қызметкерлерімен бірлесіп, 500 адамды, оның ішінде, 80 баланы эвакуациялап,



ВАЛЮТАЛАРДЫҢ РЕСМИ БАҒАМДАРЫ:

• EUR/KZT 500.15

• USD/KZT 456.09

• RUB/KZT 5.00

• CNY/KZT 63.82

Қазақстан Ұлттық Банкінің 5 қаңтар, 2024 жылғы дерегі бойынша



• ТАҒАЙЫНДАУ

Басқармада – жаңа басшы

Қарағанды облысының білім басқармасының басшысы болып Гүлбақыт Жүнісова тағайындалды. Осы қызметке дейін ол Астананың білім беру саласындағы сапаны қамтамасыз ету департаментін басқарды.



Гүлбақыт Жүнісова 1977 жылы Қарағанды облысының Қарқаралы ауданында дүниеге келген. Педагогика және бастауыш оқыту әдістемесінің магистрі.

Еңбек жолын 1999 жылы бастауыш сынып мұғалімі болып бастады, кейін колледжде педагогика оқытушысы және әдіскер болып жұмыс істеді. Қарағанды облысы білім басқармасының техникалық және кәсіптік білім беру бөлімін басқарды. Білім және ғылым министрлігінің Техникалық және кәсіптік білім департаменті техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру мазмұны мен әдіснамасы басқармасының басшысы болды.

2020-2022 жылдары Қарағанды облысы білім басқармасы басшысының орынбасары болып жұмыс істеді.

2022 жылғы желтоқсаннан бастап осы тағайындауға дейін Оқу-ағарту министрлігі Білім беру саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің Астана қаласының білім беру саласындағы сапаны қамтамасыз ету департаментін басқарды.

• ЖАҒЫМДЫ ЖАҢАЛЫҚ

ҰБТ-ны eGov-тан жүкте

ҰБТ сертификатын eGov mobile арқылы алуға болады. Цифрлық сертификатқа Ұлттық тестілеу орталығының электрондық қолтаңбасы қойылады. Бұл деректердің растығына және қауіпсіздігіне кепілдік береді.

Аяулым СОВЕТ, «Ortalyq Qazaqstan»

Қосымшада ҰБТ сертификатының бірнеше түрін алу мүмкіндігі ескерілген. Мысалы, бейіндік пәндер сәйкес келген жағдайда бірыңғай тестілеу балдарына ауыстыруға болатын IELTS, TOEFL халықаралық сертификаттарының балдары мен IB, ACT, SAT, A-Level сияқты халықаралық стандартталған тестілердің нәтижесі есептеледі. ҰБТ сертификатын алу үшін қосымшаға кіріп, басты бетте «Сандық құжаттар» деген бөлімді таңдау керек. Кейін құжаттар тізімін жаңартып, сертификатты алуға мүмкіндік бар.

Айта кеткен жөн, ҰБТ сертификатының мерзімі құжатта көрсетілген. Егер жарамдылық мерзімі өтіп кетсе, онда сертификат сандық құжаттар тізімінде көрсетілмейді. Сертификат иесі оны QR-код арқылы ала отырып, құжатты сұратқан тарапқа оның түпнұсқалығын тексеруіне болады.

Сонымен қатар, ҰБТ сертификатының ерекшелігі ақылы бөлімде оқуға немесе мемлекеттік білім беру бағдарламаларына қатысуға үміткерлерге және НЗМ түлектеріне де байланысты.

Жаңа цифрлық құжатты Ғылым және жоғары білім министрлігі, цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігімен бірлесіп іске қосты.

Топардағы тың жобалар

Облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев 4 қаңтарда жұмыс сапарымен Абай ауданының Топар кентіне барып, ондағы тыныс-тіршілікпен танысты.

Ержан ИМАШ, «Ortalyq Qazaqstan»

Облыс әкімі әуелі осындағы Топар ГРЭС-інде болып, қазіргі қысқы жылыту маусымы кезіндегі оның жұмысын тексеріп, білді. «Қазақмыс Энерджи» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің құрамына кіретін бұл электрстанция өзі құрылған 1962 жылдан бастап, Топар кенті мен жылыжайларын, Абай қаласын жылыту және электр жарығымен, ыстық-суық сумен қамтамасыз етіп келеді. Бірнеше жылдан бері мұнда бірде-бір апатты жағдай орын алмай, тұрғындар мен тұтынушылар тарапынан арыз-шағымдар жоқ.

Ермағанбет Қабдулаұлы осы сапары барысында станцияда жүргізіліп жатқан жаңғыртудың жайына қанықты. Бұл жерде сегіз турбинаның жетеуі жұмыс істеп тұрса, енді бір турбинаны қайта құрып, оның қуатын 100-ден 130 МВт-қа дейін арттыру жоспарланыпты. Қыс мерзіміне қажетті көмір мен мазут жеткілікті мөлшерде қамалып, температура режимі қалыпты жағдайда сақталып отыр.

Келесі кезекте облыс әкімі Топардағы балалар мен жасөспірімдердің шығармашылық орталығына ат басын тіреді. Бұрын балалар үйі, одан соң ауыл шаруашылық колледжі орналасқан үш қабатты ғимараттың іші-сыртына, сырттағы спорт залына күрделі жөндеу жасалынып, ол жас жеткіншектердің ой-өрісі мен қабілет-қарымын дамытып, жетілдіруге керекті құрал-жабдықтармен толық жарақтандырылған. 2018 жылы ашылған бұл қосымша білім беру орталығында 23 адам, соның ішінде, 11 білікті педагог



еңбек етеді. Олар сабақтан тыс уақыттарында орталыққа келетін 360 балаға өз білгендерін үйретіп, техникалық модельдеу, робототехника, эстрадалық-драмалық студия, 3D модельдеу сияқты 9 зертханада шығармашылықпен айналысуына жетекшілік жасайды. Орталық ашылғаннан бергі 5 жыл ішінде балалар сан мәрте

облыстық, республикалық, тіпті, халықаралық жарыстарда бақ сынап, біршама жетістіктерге ие болған. Мәселен, Темірлан Бақтыбаев, Хамзе Ернұр 2021 жылы робототехника жөніндегі халықаралық олимпиадаға қатысып, өздері және дайындаған ұстазы Асхат Жакиев диплом алған. Ал, Любомир Грициндишев даярлаған шәкірттері Виктор Клейндфельд 2021 жылы техникалық модельдеу жөніндегі республикалық конкурста «Эксковатор» жобасы бойынша II орын, Максим Кочегуров «Авиасамолеттер» жобасы бойынша III орынды иеленіпті.

Аталған орталықтың директоры Асхат Жакиев облыс әкіміне өз орталықтары жайында осылайша әңгімелеп, келешекте Көксу мен Южный ауылдарында оның бөлімшелерін ашпақ ойын жеткізді. Ермағанбет Қабдулаұлы зертханаларды аралап көріп, балалар ұсынған жобалармен танысты.



ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

Абай ауданы

Суретті түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

• ҚОҒАМДЫҚ ҚАУІПСІЗДІК

Зардабы зар илетпес үшін

Өңір басшысы Ермағанбет Бөлекпаев су тасқыны кезеңіне дайындық туралы құзырлы мекемелер өкілдерінің баяндамаларын тыңдады. Бүгінде Қарағанды облысында 5,9 шақырым қорғаныс бөгеті мен арнайы қорғандар тұрғызылып, нығайтылды. Өзен арналарының 44 шақырымынан астам қауіпті учаскелері тазартылды.

– Өзендердегі су деңгейін, қардың көлемін, топырақтың қату тереңдігін бақылауға ұстау қажет, – деп атап өтті өңір басшысы. – Қарды уақытында шығарып, тұрғындармен профилакти-

Ерқанат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ, «Ortalyq Qazaqstan»

Облыстық төтенше жағдайлар департаментінің бастығы Мұрат Қатпановтың мәліметінше, тәуекелі жоғары аудандарға Бұқар жырау, Қарқаралы, Шет, Нұра, Абай және Осакаров аудандары жатады.

– Одан кейінгі бағанға – Ақтоғай ауданы, Қарағанды және Теміртау маңы жайғасса, Балқаш, Приозерск, Шахтинск және Саран қалалары едәуір қауіпсіз аумақтар деп танылды, – деді Мұрат Қасенұлы. – «Қазгидрометтің» мәліметінше, Бұқар жырау ауданының аумағын қоспағанда, облыс бойынша топырақтың күзгі ылғалдылығы қалыптан жоғары. Топырақтың қату тереңдігі 63-тен 116 сантиметрге дейін.

Өңірде 7,9 шақырым су бұру каналдары салынып, оңдалды. 17,5 шақырым дренаж және су бұру жүйелері тазартылды. Автожолдардың 66



Сурет облыс әкімінің сайтынан

учаскесінде су өткізу артқан.

Бірақ, күн райының күрт бұзылуы күтпеген тосын оқиғаға ұрындыруы ықтимал деп атап өтті Ермағанбет Қабдулаұлы. Ол су тасқыны қаупі жоғары аудандар әкімдерін қырағылық танытуға шақырды.

қалық түсіндірме жұмысын жүргізіп, оларды аула аумақтарын тазартуға ынталандыру қажет. Инертті материалды, қапшықтарды дайындау, техниканың дайындығын қамтамасыз ету терең мәнге ие.

• ГРАНТ

Таңдай біл де, талап қыл

Сұранысқа ие боларлық идея болса, түрлі деңгейде қолдау бар. Былтыр жыл соңында облыс әкімінің грантына ие болғандар қазір кәсібін аша бастаған. Қарқаралы ауданында облыс әкімінің былтырғы грантына – бес, аудан әкімінің грантына 11 адам ие болды.

Жанерке Исакова ұтып алған 2 млн. теңгеге гүл дүкенін ашқан. Онда кофе ішіп, шоколадты құлпынайға тапсырыс беруге болады. Сонымен қатар, тағы бір жас кәсіпкер Сержан Шәймерден компьютерлік қызмет және жөндеу жұмыстарын ұсынуға.

Ал, Мөлдір Гулалиеваның идеясы балық аулаумен байланысты. Жас кәсіпкер балық аулауға қатысты толық қызметті іске қоспақ. Ол туристер мен балық аулау әуесқойларына жабдықталған шатырларды, қармақтарды және демалу үшін қажет нәрсенің бәрін жалға береді.

– Туризм саласында бес жылдан бері еңбек етемін. Былтыр қонақ үйді жалға бере бастадық, демалушылар балық аулауға қызығушылық танытып, «Қармақ,

шатыр жалдауға бола ма?» деп сұрады. Идея осыдан пайда болды. Бизнес жоспар құрып, облыс әкімінің грантына өтінім



Сурет облыс әкімінің сайтынан

беруді шештім. Себебі туризмді дамыту – біздің өңірдегі басым бағыттардың бірі, – дейді Мөлдір Гулалиева.

Гүлім Омарханова қолдаудың арқасында балаларды дамыту орталығын ашпақ ниетте. Оның айтуынша, орталық бастауыш сынып оқушыларын қосымша оқытады. Мұнда баланы мектептен алу, кейін үйіне жеткізу қызметі де болады.

– Жалға алуға қолайлы үй-жай таптық, мұғалім де бар. Субсидияланатын жұмыс орнына жүргізуші аламын деп отырмын. Болашақта тағы бір педагог пен логопед-дефектологты жұмысқа орналастырғым келеді. Грант – жақсы көмек, өз ісімізді бастауға ынталандырады, – деп атап өтті жас кәсіпкер.

Грант қаражатына ол балаларға арналған үстел мен орындық, интерактивті тақта, ноутбук және басқа да техника сатып алмақшы.

Аудан әкімі Әділжан Аргынов жастардың ауданды дамытуға қосып жатқан үлесі зор екенін және жастар кәсіпкерлігін қолдау шаралары жалғасатынын айтып отыр.

Өз тілішімізден

• РЕСМИ

Маңызды ұсыныстар айтылды

Парламент Сенатының депутаты Серік Өтешов Қарағанды облысына жұмыс сапары барысында облыстық мәслихат депутаттарымен кездесіп, аймақтың өзекті мәселелерін талқылады. Одан бөлек, еліміздің жоғары заң шығарушы органының өкілі Парламент Сенатында жүргізіліп жатқан жұмыстармен бөлісіп, жергілікті өзін-өзі басқару, денсаулық сақтау, қоршаған ортаны қорғау, әлеуметтік саланы дамыту және тағы басқаларға қатысты депутаттардың сұрақтарына жауап берді.



Салтанат ПИЯШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Өткен жылдың желтоқсанында үш жылға республикалық бюджет қабылданған болатын. Осы орайда Серік Өтешов облыстық мәслихат депутаттарына алғысын білдірді. Себебі, өңір өмірімен жете таныс депутаттар жіберген ұсыныстар басты назарға алынған.

– Өңірлерден келген ұсыныстардың басым бөлігі орындалды деп айтуға болады. Өріптестерімізбен бірге «бір женнен – қол, бір жағадан – бас шығарып» ауқымды жұмыс атқарылды, – дейді сенатор.

Сонымен қатар, Серік Балғатайұлы өткен жылы қабылданған заңдарға да тоқталды. Оның ішінде өңіріміз үшін ең маңыздыларының бірі – еңбек жағдайлары зиянды өндірістерде жұмыс істейтін адамдарды әлеуметтік қорғау туралы заң. Одан бөлек,

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен қабылданған тағы бір стратегиялық қадам – кәсіпкерлерге әрбір қазақстандық баланың Ұлттық қордан өз үлесін алуға құқылы болуы.

Ал, болашақта Парламенттің 2024 жылға арналған жұмыс жоспарында Салық және Бюджет кодекстерін пысықтау және қарау бар.

Облыстық мәслихат төрағасы Нұркен Кобжанов ауылдық жерлерде жергілікті өзін-өзі басқару құрылымын жетілдіру, сондай-ақ бюджетаралық қатынастар тетігін одан әрі дамыту қажеттігі туралы айтты. Мәселен, Осакаров ауданының Молодежный кенті арқылы өтетін Қаныш Сәтбаев атындағы канал Астана қаласында тіркелгендіктен, одан түсетін салықтың аталған ауданға еш қатысы жоқ болып шыға келеді. Осы орайда, Нұркен Кобжанов «Салық нелік-

тен жергілікті жерге түспеске?» деген ұсынысын білдірді. Серік Өтешов болса, аталған мәселеге қатысты ұсыныс беріңдер деген тілегін жеткізді.

Ал, облыстық мәслихат депутаты Қадия Оспанова болса, Парламент Сенатының жұмыс форматына көңілі толғанын айтты. Себебі, бүгінде Сенаттың түрлі комитеттерінің қатарында облыстық мәслихат депутаттары да бар. Бұл өз кезегінде өңір жайын жете білетін депутаттардың проблеманы нақты көрсетеуі мүмкіндік береді. Сонымен қатар, депутат Серік Балғатайұлына өңірдегі біраз мәселені де мәлімдеді. Айтуынша, Міндетті әлеуметтік сақтандыру қоры емханалар мен стационарларды бүгінде толық көлемде қаржыландырмайды.

– Облыста операциялардың кезегі өте үлкен. Тіпті, биылғы жылдың соңына дейін баратындары да бар. Міндетті әлеуметтік сақтан-

дыру қорының жұмысы қайта қарастырылады ма? Денсаулық сақтау министрлігі тығырықтан шығар жолды ұсынғанымен, жергілікті жерлердегі проблеманы біле бермейді. Осыған қатысты қордың қызметі мен қаржыландыруын қайта қарастыру бойынша бірқатар ұсыныстарымыз бар, – дейді Қадия Базарбайқызы.

Сенатор бүгінде аталған қордың жұмысына қатысты аудит жүргізіліп жатқанын айтты. Нәтижесі бойынша нақты өзгерістер қабылдануы мүмкін.

Қадия Оспанова бұдан бөлек, дәрігерлер мен орта медицина қызметкерлерін даярлау жүйесін жақсарту, денсаулық сақтау саласының бейіндік мамандарын оқыту бойынша да ұсыныстарын айтты.

Депутат Меруеш Башай болса, қызметін атқару барысында қаза болған құқық қорғау органы қызметкерлерінің отбасылары алып отырған жәрдемақыға қатысты мәселе көтерді. Айтуынша, заңға енгізілген өзгерістерден кейін олар әлеуметтік кепілдіктен құр қалған.

– Осы мәселе бойынша Парламент Сенатына хат жолдалды. Келген жауапта Үкіметтің қарастыратыны жайлы айтылған. Бірақ, әлі ешқандай нәтиже жоқ, – дейді Меруеш Башай.

Депутат өзінің уәжін Үкімет отырысына барып айтуға да қарсы емес.

Серік Өтешовтің айтуынша, аталған мәселеге қатысты жұмыс аяқталмаған. Бұл мәселе шешімін табу деген үмітте.

Сондай-ақ, кездесу барысында білім және ғылым, медицина, дене шынықтыру және спорт, экономика салалары бойынша атқарылған жұмыстардың нәтижесі талқыланып, алдағы жылдың жұмыс жоспары талқыланды.

Суретті түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

• ЖЕДЕЛ ЖЕЛІ

Ұлттық құндылықтар ұлықталсын

«Egemen Qazaqstan» газетіне берген сұхбатында Президент Қасым-Жомарт Тоқаев өткен жылғы атқарылған жұмыстарға тоқталды және сұрақтарға ашық жауап берді.

Сондай-ақ, Президент алдағы уақытта жүргізілетін келесі өзгерістерді айта келіп, «...Еңбекқорлық, білімпаздық, кәсібилік, бірлік, ынтымақ, жанашырлық, іскерлік, бастамашылдық, адалдық, қарапайымдылық және үнемшілдік – нағыз отаншыл, адал азаматқа тән қасиеттер мен құндылықтар. Халқымыздың қуатын арттырып, табысқа жетелейтін осындай қасиеттер мен құндылықтарды жан-жақты дәріптеп, ұрпақ санасына сіңіру арқылы ғана сапалы ұлтқа айнала аламыз», – деді.

Біздің келешегіміз елдің ертеңі болар – жас ұрпақтың тәрбиесі мен білімді болуы адамзаттың, жалпы сөзбен біздің мәңгілік тақырыбымыз болуы керек деп ойлаймын.

Мемлекет басшысының нұсқауымен бүгінгі күні еліміздің барлық білім беру ұйымдарында Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі бекіткен «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» – ұлттық, адам құндылықтарына негізделген іс-шара жоспары жүйелі жү-



мыс жасауда.

Бұл бағдарламаның мақсаты – жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу болып табылады.

Мемлекет басшысының сүбелі сұхбатының өзегі де жалпыұлттық құндылықтарды қалыптастыру арқылы өскелең жас ұрпақты ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін білуге, мемлекетіміздің рәміздерін құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ, еңбексүйгіштікке және ел бірлігін сақтауға, отаншылдық пен мемлекетшілдікке тәрбиелеу арқылы озық ойлы ұлт болуымызды меңзейді.

Есжан ӘМІРОВ,
Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері

Мақсатымыз – қуатты Қазақстан!

Қуатты Қазақстанды құру үшін жұдырықтай жұмылуымыз тиіс. Президент өз мақаласында көптең көкейіндегі мәселелерді айтты деп ойлаймын. Қазір тұтас қоғам газетке басылған Мемлекет басшысының пайымын талқылап жатыр. Талқылап қана қоймай, ой түйген абзал.

Қасым-Жомарт Тоқаев мақаласында жаңа жыл мейрамына ерекше тоқталды. Өздеріңізге белгілі, Президентіміз сауықшылы, сайраншыл емес. Той тойлап, шашылғаннан гөрі шаруа атқарғанды, іс тындырғанды жөн көреді. Оған бірнеше рет куә болдық. Бұл – білімді адамға тән қасиет. Халқына да соны үнемі айтамын. Осы сөзі арқылы «Жұртым, білім қуып, елге қызмет етейік» дегенді айтып тұрғанды. Ұлттық болмысымызды, қасиетімізді даралап тұратын ұлыстың ұлы



күні Наурызға баса мән берген жөн.

«Кеттің бе – қайырылма!». Ел азаматтары қазір осы сөзді қызу талқылап жатқандай көрінеді. «Қазақстанда екі билік бар» деген қаңқу сөз тарағанын білесіздер. Міне, Қасым-Жомарт Тоқаев соның бәріне нүкте қойды деп есептеймін.

Майра ӘБДІРАХМАНОВА,
қоғам белсендісі

Құптарлық идея көп

Елдің басты газеті «Egemen Qazaqstan»-ға Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың кеңейтілген сұхбаты жарияланды. Мемлекет басшысы президенттік өкілеттілікті 7 жылмен шектеу туралы идеяны алғаш рет 15 жыл бұрын айтқан. Ол ұсыныстың қабылданбауына билік маңайындағылардың дайын еместігі де себеп болды деп ойлаймын.

Мемлекеттік қызметшілер – білімді, білікті, бастамашыл, тиянақты, тәртіпті және әділетті Қазақстан идеясына адал азаматтар болуы шарт.

Быыл Жолшы ұлысының 800 жылдығы атап өтілетіні, қазақ мемлекеттілігінің терең тарихын зерделеуге бағытталған нақты қадам мен жоспар құптарлық дүниенің бірегейі. Бұған қоса Президент тапсырмасымен әзірленген Қазақстан тарихының қоптомдығы жарыққа шығатыны өскелең ұрпақ үшін кеңестік тарихтан арылуға се-



беп болады.

Президентіміз ұсынған ұлттық бірегейлікті айшықтау арқылы ел бірлігін нығайта түсу үшін, төл жаңа жыл – өз Наурыздың мазмұнын байытсақ нұр үстіне нұр. Ұлттық мерекемізді барынша ерекшелеп, жаңаша атап өту ұсынысы барша қоғам тарапын ұйыстырар күш ретінде қолданылса екен.

Марат ТУСНОВ,
Облыстық Қоғамдық кеңес мүшесі,
Қарағанды қаласы мәслихатының депутаты

Ауыл ахуалы назарда

Парламент Мәжілісінің депутаты Таңсәуле Серіков аймақ аграршыларымен кездесті. Жиынға «Ауыл» халықтық-демократиялық партиясының өкілдері де қатысты. Мақсат айқын – облыстағы шаруа қожалық иелерінің мәселелерін тыңдап, олардың мұн-мұқтажын билікке жеткізу. Өңірде біршама мәселе бар.

Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Кең жазыққа төрт түлікті жайып тастап, арқаны кеңге салып жататын дәуір өткелі қашан. Бәрі өзгерді. Экология құбылып, құрғақшылық қысты. Салдарынан жем-шөп те оңайлықпен таптырмай, бағасы шарықтап кетті. Қорадағы малына қарап отырған ауылдағы ағайынның жағасы жайлауда емес бұл күнде. Жайылым жері де тапшы. Біреуі егін еккісі, енді біреуі мал жайғысы келеді. Ал, ата кәсіпке мемлекет тарапынан жәрдем болмаса, жағдай оңбасы анық. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев та «Ауыл шаруашылығы – ел экономикасының тірегі» деді. Яғни, атүсті қарайтын сала емес. Мәжіліс депутаты Таңсәуле Серіков Мемлекет басшысының тапсырмаларының іске асып жатқанын атады.

– Президент Жолдауында «Ауыл» партиясына зор міндеттер жүктеген болатын. Атап айтқанда, ауылдағы ағайынның жағдайын жақсартуды көздейтін мәселелерді атады. «Ауыл» халықтық-демократиялық партиясы бірқатар заңнамаларға өзгертулер ұсынды. Анығырақ айтсақ, аграрлық несиенің қолжетімділігі мен тиімділігін арттыруды көздейміз. Сонымен қатар, азық-түлік қауіпсіздігіне баса назар аударамыз. Ұсыныстарымыз Парламент Мәжілісінің қарауында, – деді Таңсәуле Серіков.

Қожалық иелерінің проблемалары да тыңдалды. Мәселен, жүз бастан артық мал ұстап отырған қыстақтарда әлі күнге дей-



ін жарық жоқ екен. Тоқ тартылмаған. Тарттырайын десе, жердің шалғайлығы мен қаржысы қолбайлау болып тұр екен. Бұл мәселе, әсіресе, Мартбек Мамыраев ауылында ұшығып тұр. Елді мекеннің маңайында қырыққа жуық қыстақ бар. Ал, күн батареялары тым қымбат.

– Негізі, жарық тартуға субсидия қарастырылған. Бірақ, жоба 250 миллион теңгеден асуы тиіс. 30 кой, немесе 10 сыыр үшін шалғайға тоқ тартылмайды, – деді облыстық ауыл шаруашылығы басқармасы басшысының орынбасары Сырым Бошпанов.

Мал сою және егін сату мәселесі оңайға соғып тұрған жоқ. Шаруалардың сөзінше, малды арнайы орынға апару, етке құжат жасату –

машақатқа айналған. Қып-қызыл шығын. Жиналғандар Парламент Мәжілісінің депутатынан осы жайттарды заң жүзінде реттеуге және оңайлатуға ықпал жасауды өтінді.

Субсидия мәселесі де әлі өзекті. Субсидия енді ғана аяқтан тұрып келе жатқан қосалқы шаруаларға қарастырылмаған. Бұл – аймақта кәсіпкерлердің көбеюіне кедергі дейді билікті шаруалар.

– Үкімет бір жоба жасайды да, соған кереғар талаптар қояды. Мысалы, субсидияны енді бастап келе жатқан шаруа қожалықтары алу үшін «Осыныша бас мал басы болуы керек» дейді. Ол оны қайдан алады? Сонымен қатар, серіктестік кредитін алайын десең, бірнеше адамның келісімі керек.

Бірнеше адамның бірігіп кәсіп ашуы деген – қашан да қауіпті. Себебі, арада кикілжің туындауы әбден мүмкін. Ақша жүрген жерде – осы, – деді «Хадис» шаруа қожалығының директоры Дархан

Әбдірахман.

Республикалық фитосанитарлық диагностика және болжамдар әдістемелік орталығы облыстық филиалының мамандары да өз мұн-мұқтажын жеткізді. Бұл мамандар егістікке зиян келтіретін зиянкестермен және басқа да залалдардың салдарымен күреседі. Ыстықта да, жаңбыр, суықта да дала кезіп, зерттеулер жүргізеді. Осы бейнеті көп мамандық иелерінің жалақысы өте төмен.

Депутат Таңсәуле Серіков жиналған барлық сұрақтарды Парламент Мәжілісінде көтеруге уәде берді.

Суретті түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ



Ардагер журналист, этнограф-жазушы Төрехан МАЙБАС – 70 жаста



Өзге емес, өзім айтам өз жайымды

Сонымен жетпіс деген жасымын да табалдырығын аттаған жайым бар. Жеті күндей болмай өте шықты. Бәрі де болды.

Сынған күнім де болды, шаққан күнім де болды.

Мен кімге ғашық болмадым, кім маған ғашық болмады. Өлі де ғашықпын. Кімге екенін айта алмаймын. Өйткені ондай жанды түсімде ғана көремін.

Өң ғашығым адастырып кетті. Қырық екі жасында опат болды.

Қоңыр тірлік те кештім, асып-тасқан күндерім де болды.

Айлығы үш жүз мың теңгелік жұмыс та істедім, мұрнымды қанатпай айына үш мың доллар жаулақ алған жылдарым да болды.

Қабатты үйде тұрмадым, шетелдік көлік мінбедім.

Қолжетімді бір бөлмелі пәтерді қанағат тұтқан күндерім болды, қазір кемі бес бөлмелік пәтерге сыймай жатқан жайым бар.

Автобуста жүрім азайып, самолетпен ұшуым көбейді.

Соның ешқайсысы да мені ұшпаққа шығарған жоқ.

Атақан кендемі деп те айта алмаймын. «ҚР Мәдениет қайраткері», «ҚР Құрметті журналисі» деген атақтарым бар.

Соның қастерлісі «Шет ауданының Құрметті азаматы» деген атағым. Елу деген жасыма берген еді, алайда он жылдан кейін тапсырды.

Енді, міне, жетпіс жасым шығар қарсаңында «Қарағанды облысының Құрметті азаматы» атанып отырмын.

Бұл мен де, ел де күтпеген жаңалық еді. Өйткені бұған дейін бірде-бір өнер адамы, оның ішінде журналист бауырлар бұл атақты алмақ тұрсын ұсынылмаған да екен.

Шынтуайтына келгенде бұл атақты маған журналисттік қабілетім болмаса жазушылығым үшін берген жоқ, ұлтымды сүйгенім үшін берді деп есептеймін.

Менің ұлтсүйіштігім менің барлық шығармаларымнан қаламын-пырдың мұрын жарар ісіндегі аңқып тұрады. Бұл бір елде жоқ қазақшылық. Мен не ойласам да қазақ баласының мүддесі тұрғысынан ойланамын.

Менің майданым парасат майданы. Менің шығармашылығым – «қайтсек қазақ болып қаламыз, Жаһандық көшке қайтсек қазақ болып қосыламыз?» деген майдан.

Екі облыстық мәслихаттың депутаты болдым. Сонда жүріп



талай мәрте отқа түстім. Бірақ өртенбек тұрсын күйем де жоқ. Өйткені менің камал қорғаным – халық еді.

Мен орден де алдым. «III дәрежелі Енбек Даңқы» деген. Бұл керемет орден, әрине. Өндіріс шамшырақтарына, оның ішінде, шахтерлерге, кеншілерге, мұнайшыларға, құрылысшыларға берілетін орден. Ал журналисттерге мұндай орден берілді дегенді естімеппін.

Ал маған берді. Мен де, ел де таң қалды. Бәлкім, менің шахтада істегенімді, жер үстінде де шахтерге еңбектенгенімді ескергені болар. Қалай десек те, бұл мойындалғандық. Журналисттің еңбегін ескергені еңбегі деп.

Кім мені алдамады, менің де оңдырғаным шамалы. Бірақ өзімді алдамадым. Төртінші сыныпта жүріп жазушы боламын дедім. Болдым.

Мен өзімді жазушымын деп он бір жасымнан бастап есептеймін. Кейінгі жазбаларымның бәрін бала кезден бастап мыммен жазып келдім. Уақыты келгенде қағазға түсіріп, кітап қылып шығардым.

Біраз жұрт мені журналист деп біледі...

Біраз жұрт мені ақын деп таниды...

Драмашы ретінде де білетін жұртшылық бар...

Ертегіші деп білетін жұрт қарасы да сүйік емес...

Шежіреші деп білушілер де жұртылып айырылады...

Жазушы деп білетін жұрт та бар...

Ауыз әдебиеті үлгілерін жинаушы деушілер де бар...

Қарт та ойнадым. Бірде ұттық, бірде ұтылдым.

Асық та ойнадым. Бұрынғы Ақадыр ауданының чемпионымын.

Тоғызқұмалақты да серік еттім. Ирина Нольд атындағы халықаралық турнирдің жеңімпазымын. ҚР ІІ-ші жазғы спартакиадасының күміс жүлдегерімін.

Облысымыздың тоғызқұмалақшылар командасын жаттықтырдым. Тоғызқұмалақ ойыны бойынша зерттеулер жаздым.

Кейінгіде жұрт мені таза этнограф ретінде танипты болды...

Сонымен мен кімін? Осындай сауалды мен өзіме жиі қоямын...

Бажайлап қарасам ешкім де емесіні. Құр жай Төреханымның. Әкімжан деген кісінің ұлдан тұрдым. Майбас деген атамның немересімін.

Менің жазғандарымның бәрі менікі емес. Халықтыкі.

Халық әні, халық күйі деген атаусыз шығармалар болады. Менікі де сондай жайт. Мен барлық саналы ғұмырымды халық шығармашылығына арнадым. Сөз тердім, жыр тердім, аңыз тердім, әпсана тердім, шежіре түздім. Және соны өзіне қайырдым. Том-том қылып.

Менің өмірім қызық. Талайлы жолымда талай тұлға ағаларым мен әпкелерім құшағын ашты.

Жұмысқа шақырды. Бірақ менің таңдауым қашанда бөлек болып шығып отырды. Мен үшін Дидахмет Әшімханов, Жайық Бектұров, Оралхан Бокей, Фариза Оңғарсынова, Ақселеу Сейдімбек, Өмір Кәріп, Марал Хасен,

Қалихан Ысқақ сондай жандар болды.

Бірақ ешқайсысының жетегінде кетпедім.

Мен өзгере алмайды екенмін. Өзім болып қалдым. Төрехан Майбас болды. Менің бақытым осында.

Сона-ау студент кезімде, жиырма деген жасын жасымда жазып едім.

– Өмір жатыр алдымда, Жиырмадан аспаған. Тең жарымын дәл соның, Жасағандай басқа адам... – деп. Сол өлеңім былай аяқталушы еді:

– Өмір жатыр алдымда, Мен әлі аяқ баспаған. Тең жарымын оның да, Сүрмесі екен басқа адам...

Өкініштісі сол белгісіз адам көлеңкемдей қалмай келеді. Менің жиырма төрт сағатымның тең жарымын сол жасап келеді.

Бұл жетпісімді салықалы қабылдадым десем де болады. Өйткені алпыс жасымда да сабырлық танытқан. Мен алпысымды елу тоғыздың жалғасы деп қабылдадым.

Жетпісімді де солай қабылдап отырған жайым бар.

Алпыс тоғыздың жалғасы ғой деп...

Алдыңдағы ағаларым, жеткіз-беніздер!

Соныңдағы інілерім, қалмаңыздар!

Сен менің өміріме жаңа әлем болып кірей, Жетпісім!

Төрехан МАЙБАС

Қазына кеуде

Белгілі жазушы, шежіреші, этнограф, өлкетанушы Төрехан Майбас ағамыздың ең бірінші қоғамдық жұмыстардағы қайраткерлігі, іскер ұйымдастырушылығын айтқым келеді. Осыдан үш-төрт жыл бұрын маған телефон шалып, «Нұрлан інім, «Бұланты шайқасы» болған тарихи жерге, ата-бабалардың басына ескерткіш орнатып, рухына тағзым етіп, Құран бағыштап, тарихи жерлерді аралап, кешенді жұмыстарға өз үлесіңді қосуға қалай қарайсың?» деді. Мен қуана келісіп, бірден дайындық жұмыстарына кірісіп кеттім. Біраз жігіттердің басын қосып, ақылдасып, ағамыздың басына орнататын ескерткіш тасқа тапсырыс беріп, біршама уақыттан соң оны орнатуға бардық.

Айта кету керек, «Бұланты шайқасы» кешені ат шартты жерді алып жатыр. Ол жер ауқымды кешен екен. Сонда бәрін ұйымдастырып, алдын ала керекті құрал-жабдықтармен қамтамасыз ету, басқа да ас-су, техника және барып келетін көлік, бәрін тап-тұйнақтай ұйымдастырған шеберлігіне тәнті болдым. Қысқасы, аз уақытта ескерткішті орнатып, аруақтарға арнайы мал сойып, Құран ба-

ғыштап, тағзым етіп келдік. Төрехан ағаның шығармашылық еңбегіне мамандар тоқтала жатар. Дегенмен, ғасырлар бойы депрессияға ұшыраған ұлттық құндылықтарымызды қайта қалпына келтіру мақсатындағы көптеген жұмыстарын айтпай кетуге болмайды. Олар, «Құрмалдық», «Рух», «Ағатай», «Зерде» кітабы, «Тәңірқұл», «Этнографтың жазбалары», «Көкбөрі Керней дейтін еліміз», «Жазығы не еді бабалардың» аза кітабы, бірнеше томдық «Портреттер» кітабы, тағы басқа тарихи-танымдық көптеген шығармаларын көпшілік қауым жылы қабылдады, кеңінен таралды.

Бүгінгі таңда жазушы-этнограф, қоғам қайраткері, Қарағанды облысының Құрметті азаматы, қарымды қаламгер Төрехан Майбастың мерейлі 70 жасқа толған күнімен шын жүректен құттықтаймын! Ағамызға үлкен шығармашылық табыс, қажымас қайрат, ел үшін еңбегіңіз еленіп, абыройыңыз арта түссін дегім келеді.

Нұрлан ӘУЕСБАЕВ,
Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің депутаты

Қара сөздің киесі қонған

Сіздер мына сөздердің байыбына барып, бір байқап көріңіздер: сетер, мейрамсу, айтабан, абащ, ғалисан, т.б. жүздеген сөздерді жазушы Төрехан Майбастың кітабын оқып отырсаңыз, көзіңіз шалады. Иә, жазушы Төрехан Майбас...

Ш күрестің қысқы сессиясынан кейін біздің группа тағы бір студентпен толықты. «Академнен» келді, осы Төреханымыз. Менің сол кезде «марксизм-ленинизм» ауруына біржола шалдыққан кезім, сессиядан сессияға «төртке» еш ұрынбай, ылғи «беспен» шауып отырған озат студенттің.

Сонда ғой осы Төреханым: «Аға, бір шаршамайды екенсің. Түбі қараң қалатын нәрсеге несіне шаншыласыз да жатасыз...» деді.

Мен: «Тәйт, бұлшылдама!» – дейтінмін.

Сөйтсем, Ақшатаудың Кернейі көріпкелдің өзі болып шықты.

Жә, кітабына үңілейікші! «Мен бала кезімнен ескі әңгімеге үйір болдым. Сол себептен нағашы атамды да аз әурелеген жоқ. Менің бір жаман әдетім бір нәрсе туралы сұрап қоймаймын. Содан да үлкендердің маған әңгіме айтқысы жоқ.

Нағашыларымның түп атасы Шаң болады. Содан мен сұрамаймын ба, «Неге Шаң, неге Тозақ

емес?» деп.

– «Топырақ» деп атаса да, менің бабама жарасып тұрар еді, – деп нағашым кең-кең күлер еді. Алайда, мен күле алмаймын.

– Топырақ болғанда қарасы ма? – деп шақ ете қаламын...

Міне, Төреханым бала кезінен қандай «аурумен» ауырған. Есіме лекциялар елестейді. Группаның старостасы болғандықтан кейде артыма бір қарап, бақылап қоятыным бар. Сонда ғой кейде осы Төрехан дөптерден бас көтермей, бірдеңе жазатын да жататын. Шабыттың шары екен-ау! Кім білген?

Кейін осы «құпияны» Советханмен (ол да журналист) телефонмен бір хабарласқанда анықтадық. Советхан соны жайып салған. Екеуіміз Төреханды мақтадық. Бізге «академнен» жиырма үш жасында келіп қосылған Төрехан өзінің әйгілі «Керат» хикаятын жиырма жасында еңсеріпті. «Кератты» оқып әкесі еңкілеп жылаған. Өке өмірін баласы сөзбен әдіштеген. Өзі жазушылығына сенген. Оралхан (Бөкей) ағасы да сенген. Сенгені аз – жоғары баға берген. Бірақ Ғафаң жаратпапты. Оралхан Төреханды жетектеп, «Жұлдызға» апармай ма? «Қазақ прозасына екінші Оралханның керегі жоқ...» деп бір-ақ кесіпті Ғафаң. Сол кездегі «Жұлдыз»



журналы бас редакторының орынбасары, ақын Ғафу Қайырбеков Оралхан жалғыз болса, Төреханның да жалғыз екенін аңғармаған-ау шамасы. Аңғармағаны анық, енді...

Төреханды оқып отырмын... 2000 жылдың көктемінде Қарағандыға жолым түсті. «Орталықтағы» Төреханға кіріп шығуым керек. Манап келіннің қайтыс болғанын естігенмін. Стипендия алғанда мені арқадан қағып, ескі қаладағы «ұңғыш» ауылындағы пәтеріне апарар еді. Манап келіннің қолынан талай дәм таттым...

Төреханның «Орталықтағы» жұмыс бөлмесінде отырмыз. Сол жолы Серік ақынмен ұшырастым. Кезінде Шерағаң қадірлеген «Қасқырдың монологе» деген бір өлеңі үшін-ақ Мемлекеттік сыйлыққа лайық Серік Ақсұңқарұлы дәл сол кезде елуге толып жатты. «Орталықта» жарық көрген Төреханның «Поэзия жылап тұр» деген жазбасын оқып отыр едім, ақынның өзі кіріп келді. «Жылқы кісіненкенше» деген сондай-ақ болар, ақынмен әп-сәтте тіл табысып кеттік. Ақынның «Тілеке, жазатын мылжыңнан жазбайтын

ақын артық, сол сізсіз!» деген сөзі әлі жадымда.

Студенттік өмірдің кейбір өзіндік ерекшеліктері де бар. Баяғы заманның сал-серілерінше емін-еркін көсіліп жүретін өзінің бір уақыты болады.

Ақшатаудың бір қара шалы – Төреханның әкесі Әкімжан ағаның ақ дастарханында «Қабылдық қырындағы «Төрехан Майбас» деген жазуға түскені. Сенерімді, не сенбесімді білмей, сал-пал тұрып қалдым. Сонау студенттік жылдар елесі тізбектеле бастады. Семінар сабақтарындағы Төрехан жауабындағы оғаш ойларды байқаушы едім. Тек оның оқудан екі рет шығып қалу тарихынан бейхабар болдым.

Алпысыма толған жылы Төрехан «құтты болсын!» айтып, бір келіп кеткен...

Сол жағалаудағы Ұлттық академиялық кітапханадан Бауыржан Момышұлының кітабын іздеп, сөредегі «М» әрпі түгендеп жатқанымда, кенет көзім кітап қырындағы «Төрехан Майбас» деген жазуға түскені. Сенерімді, не сенбесімді білмей, сал-пал тұрып қалдым. Сонау студенттік жылдар елесі тізбектеле бастады. Семінар сабақтарындағы Төрехан жауабындағы оғаш ойларды байқаушы едім. Тек оның оқудан екі рет шығып қалу тарихынан бейхабар болдым.

Бізе Ш күрестің қысында Алматыдан лекция оқуға келген айтулы ғалым ағамыз Мекемтас Мырзахметовпен шүйіркілесіп

жүретін Төреханға абайлап қарайтын рас-ты.

Біртіндеп кітаптарын оқи бастадым. Өзімен хабарласудың да сәті түсті. Мына тәжвирустың алдында елордаға арнайы келіп кетті. Қолында екі бумасы бар.

1961 жылы әкей марқұм әйгілі «Абай жолының» екі томын үйдігі шағын кітап сөресіне әкеліп қойды. Төрехан өз редакторлығымен эпопеяның төрт кітабын бір томға біріктіріп, менің шағын кітапханама сыйлады. Арада елу сегіз жыл өткен...

Бір өкініштісі, жаңа нұсқада Тоғжан қыздың суреті жоқ. Баяғы он бес жасар мен бірінші шығарылымындағы Тоғжан қыздың суретіне қайта-қайта жалықпай қарай беретінмін. Сол Тоғжанға мен де ғашық болдым...

Түп-тура отыз жыл өткенде Төреханның ескерусіз қалған «Кераты» «Қазақ әдебиеті» жариялаған Марат Қабанбай атындағы бәйгеде топ жарып, бас жүлдені қанжығарыма байлады.

Мен Төреханның қолыма түскен шығармаларынан өзімше тізім түздім. Негізі, менің іні-досым сөздің киесімен ауырған. Осыған көзім анық жетті. Анық жеткен соң да Төрехан туралы жазуға мәжбүр болдым. Анығы – осы.

Тәжвирусты бізді дегенімізге жеткізбеді. Қырық жылдық атаусыз қалды. Университет бітірген тойымыз еді...

Тілеубек ЫСҚАҚОВ,
ҚР оқу ағарту ісінің үздігі

Шахтер

«Мен дүниеге келгенде шахтерлер әкемнің отбасына жиналып, «дүниеге тағы бір шахтер келді» деп қауқылдасыпты...»

(Пролог)

Төрехан Майбас, «Керат».

Былтырғы жылдың ауырпа-шылығымен қоса қуанышы да себелеп кетті. Қымбатшылық қысқан елдің еңсесі жыл соңына қарай тойланатын Тәуелсіздік мерекесі аясында бір көтеріліп қалды. Бұрыннан еленбей жүрген, еленсе де, сыртқапай болып жүрген біраз азаматтар мемлекеттік марапат иегері атанды.

Қарағандыны елең еткізген басты оқиға облыс мәслихатының депутаттар корпусы жазушы, журналист, жарты ғасыр бойы қаламы қолынан түспей келе жатқан Төрехан Әкімжанұлы Майбасты «Қарағанды облысының Күрметті азаматы» деген атаққа лайықты деп таныды.

Қарағандыдан талай марғасқа шыққан. Бірақ олардың бәрі мұндай атақ алған жоқ. Алғашқы ғарышкер Тоқтар Әубәкіров, әлденеше дүркін Әлем чемпионы Геннадий Головкин, құлама ғалым, бар саналы ғұмырын обыр деген озбырмен алысып келе жатқан, жүздеген адамның өмірін ұзартуға тікелей атсалысқан профессор Ғани Мұсылманбеков...

Енді осындай ел таныған, жұрт сыйлаған азаматтардың қатарында Төрехан Майбас та бар.

Сексенге қарай аяқ басып отырған Төреханның өмірбаянын тізбектеп шығудың қажеті шамалы болар. Жазушының шығармашылығын жете білмеген адамның өзі оның әлдебір жазбасын оқыса болды, ар жағынан мұрты қылтып тұрған жазмашының жарасымды бір сәтін байқамауы мүмкін емес.

Қарағанды университеті филологиясының 125 шәкіртінің ішінен оза шапқан жүйрік деп эпитет-шілесем, оным шындыққа жанаса қоймас еді.

«Көптің бірі еді» деп мәймөң-келесем, тағы болмайды.

...Топтақ Қасқырбай досымыздың өлеңдері облыстық «Орталық Қазақстанға» әредік жарияланып тұрады. Онысына тілектеспіз, әрине. Қуанып қаламыз. Араға апта салмай қаламақысы келеді. Ол күні біз үшін той.

Сонда әлгі ақынмыз дандай-сымайды.

Елдің әр қиырынан келіп оқып жүрген жігіттер санаулы-ақ. Нұрмұхан, Қанат, Ермек, Әшғай, Қасқырбай, Төрехан. Орыс бөлімінен, басқа факультеттерден Ерден Қажибеков, Дима Нұржубалин сияқты шығармашылыққа ден қойып жүрген жігіттер де ортамызға түсіп, қатарымызға қосылады.

Бір күні... Қолы босай қалса, қағаздан бас көтермейтін Төкіміз айды аспаннан бірақ шығарды.

Ол кезде атышулы ақын-жазушылардың қолы жете бермейтін «Жалын» журналында «Арқада – зауза» деген топтамасы жарқ ете

түссін. Оның болашақ этнограф екендігі осы топтамасынан айқын көрінген еді. Өйткені оның өлеңдерінен қазақлықтың қаны тамып тұр еді. Жиырма жасында мұндай өлеңдер жазу екінің бірінің қолынан келеді деп айту қиын болатын. Сол ақынмызды сол жиырма жасында жоғалтып та үлгердік.

Сол жиырма жасында, 1974 жылы ол Фариза апаймыздың қолдауы арқасында жас жазушылар мәслихатына қатысып, прозаик болып оралды. Оның прозасына Оралхан Бөкей ағамыздың өзі батасын берсін.

Ол бірден сол «Керат» деген әңгімесімен прозаик болып танылды. Алайда, сол кездегі ұстанған саясатымызбен қабыспағандықтан ол әңгімесі жарық көре қоймады. Есесіне қарағандылық студенттер ол әңгімені қолмен көшіріп, кезектесіп оқысын.

Ақ өлең жазып, Назым Хикметті қазақшалап жүрген жиырмаға енді толған Төреханымыздан терең пәлсапалы прозаны ешкім күтпеген.

Ымырт байлана отырғаннан түнде түні бойы, таң атқанша көзінің майын текке тауыспаған екен.

Сол әңгімесі отыз жылдан кейін «Қазақ әдебиеті» ұйымдастырған республикалық конкурста бас бөйгені алып келсін.

Сол уақыттан бері жарты ғасыр өте шығыпты.

Оқшау жолмен жүрген Төрехан болды.

...Сол, XX ғасырдың 70 жылдарының басында социалистік стандартқа ноктасы сыймаған бозбала саяси көзқарасының трафаретке сәйкес келмегені үшін комсомолдан қуылғанын қатарластарының біреуі білсе, біреуі білмейді. «Жас қазақ» деген ұйым құрмақ болған да қатарлас жүрген әлдекім КГБ-ге «домалақ арызды» томп еткізген. Оқудан шығарылды.

Төреханның енді жаңа өмірі басталды. Шахтерлік өмірі. Ақшатау кен-байыту комбинатының шахтасына түсті. Слесарь, тіреуші... болып кете барды. Сол жұмысына өтінішін өлеңмен жазып кірді дегенге сеніңіз.

Ол өзінің кейіпкері – Шахтер ат – Керат жұмыс істеген шахтада жұмыс істеді. Сонда жұрт талай туындыны тудырды. Олар кейінде хикаяттар болып оқырмандар қолына жетті.

Оқуын қайтып орнықтырып, тәмамдаған соң-ақ Төкім баспасөзге келген. «Ақадыр таңы» – «Агадырская новь» деген екі тілде шығатын газет қызметінің барлық сатысын асықпай жүріп өтті. Сөйтпін жүріп, Жезказған облыстық мәслихатына депутат болып сайланды. Партиялық тізімнен емес, сонда бір мандатты округтен



Солдан оңға қарай: Төрехан Майбас, Әли Тойжигіт және Оралбек Жүнісұлы

Кеудесі шежіренің сандығындай

Қаламына нарқызыл іңір еріп,

Тік қарайды Ол

дүниеге діні берік.

Болмысы – сансыз әскер, самсаған қол,

Рухы – мола бейіт, күңіреніп.

Байжесім, Тәттімбетті тыңдай қалып,

Кетеді демде домбыра-нұрға айналып...

Аруақтар өзегінен өріп шығып,

Батады шағыл құмға шымқай барып...

Кеудесі – шежіренің сандығындай,

Қаламы – қансонардай, салбуырындай.

Өлеңі – Мақпалкәде жүзген ару,

Алтындап ат ерттеген арғы Ғұндай.

Әр сөзі – қызыл шоқтай қолатта гүл,

Немесе,

Бөрісұрақ,

Боратпа жыр,

Кей-кейде, боз ойларға сіңіп кетсе,

Ол да бір, соқыр шахтер кер ат та, бір.

Кіреді омыраулап топқа аңдамай,

Бетің бар, жүзің бар деп жатты алдамай,

Айтады тұра сөзді тұран-тұран,

Алыстан орағытпай, ақпарламай.

Келеді Ол – көк Тәңірге ерзен арлап,

Кеудесін кезек бөлеп шер мен арман...

Басындай Хан Кененің жатта қалған,

Тасындай Күлтегінің елге оралған!

Тұрады алдымда ылғи жолға қарап...

Мирас АСАН,
ақын

«шарға таласып», баламалы негізде біраз кандидаттарды шаңға көміп кеткен.

Өмірінде мақтан сөздің не екенін білсе де, ондайдан ойы мен тілін аулақ ұстайтын Төрехан өз өткеніндегі жетістіктері жайлы ешкімге тіс жарып көрмеген шығар. Отырады. Жазды.

Клавиатураның астынан шаң көрінгенше.

Таң бозарып атқанша. Жезказған облысы да, Ақадыр ауданы да жабылғанда Қараған-

дыға бармасқа амалы жоқ еді.

Мұндағы қаламгерлер еңбеккер жігітті бөтенсіген жоқ. Онда «Орталықтың» бас редакторы Мағауына Сембай. Өзіміздің ортақ досымыз. Мағаш қуана отырып, Төреханды өзіне орынбасар қылды.

Оқыған докторантурасы жоқ болса да, ізденуден жалықпайтын Төреханның білмейтіні биттің астында ғана болар.

Талай этнографиялық зерттеуге пара-пар мақалдардың тізбегі, «Елқұжат», «Абадан», «Айбар»,

«Жауһар», «Тағылым», «Шікіл» кітаптарының негізі жай мақалаларда басталған. Кітаптың негізі сонда қаланған.

Жарылған батыр, Сеңкібай батыр, Бодық батыр, Жалаңтөс батыр, Байсейіт би жайлы ғылыми-танымдық мақалалардың басын қосып, осы тұлғалардың әрқайсы жайлы кітап бастыруға мұрындық болды.

Кітапқа енгені бар, бөлек басылым болып шықпағаны бар, өткеннің тарихи азаматтары – мемлекет қайраткерлері, академиктер, өз замандастары туралы жазбалары заңғар болып тұр. Одан кейін де бірнеше кітабы жарық көрді.

Төкім – бір дүниені ойына алса, тоқтамайтын жазушы. Тақырыбын қазбалап, түбіне жеткенше, маза таппайтын азамат.

Ескі сөзді іздегіштігі өз алдына, қазақтың салты мен әдет-ғұрпын айтып қана қоя салмайды. Оның шығу тегін оқырманна саралап отырып, тарих қойнауына тереңдетіп батырып барып, осы күнге алып шығады.

Қазақтың Ақселеуімен бірге қызмет істеген, маңғас да салықалы сөзін күнде естіп жүрген біздердің ағамызға бойымыздың үйреніп алғаны соншалықты, ол кісіні мәңгі өмір сүреді деп ойлағанымыз болуы керек, ешқайсымыз бір ауыз сөз жазбадық. Қарағандыға әредік жолы түскенде, Төреханды іздетіп тауып алып, сағаттап дүкен құратынын енді біліп жүрміз.

Алдыңғы жылы Атасуда Ақаңа ескерткіш орнатып, энциклопедияшы-ғалым, ұлттың жоқтаушысының мерейтойына арналып ғылыми конференция өтті. Қарағандыдан Төкім, осы жолдарды авторы теледидар жұмысынан тісі сарғайған көңігі журналисты Әли Тойжигіттің су жаңа көлігімен шықтық. Индеттің жаңа біткен кезі. Төкім досымыз ковид дегеннің құшағынан зорға босап шықса да, сырқатынан онша айға қоймаған.

Үйден шығарда мәшиненің жүк салғышына зілдей-зілдей қағаз қораптарды арттық.

Тойға барған адам базарлыққа, сарқытқа қалтасын бос ұстаушы еді, Төкім болса, көлікті сықап артып алды.

«Бұл не?» деп біз сұрамадық, «бұл анау...» деп ол үндемеді.

Конференцияда ұстазы, досы жайлы лебіз білдірген Төрехан Майбастың сөзі жұртты тебірентіп жіберді. «Жанаарқа Ұлытауға қараса, жиналғандардың көпшілігі Қарағанды мен Астанадан келіп отырса, осы өңірлердің әкімдері тізе қосып ортамызда отырса, тақиямызға тар келер ме еді?»

Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынның мерейтойы Қостанайда атау-сыз қалды. Әкім-қаралар ондағы өртті желеу қылып отыр. Ол өртеніп жатқан жер емес, қазақтың рухы! Тамыры...» дегенге саятын адамның сай-сүйегін сырқырататын талай сөз кетті.

Машинамызға артып алған жәшіктердің сырын сонда білдік. Ауырып жүріп, компьютерден екі апта бойы бас көтермей, Ақселеумен әр кездескен әңгімелерін тақырыптарға бөліп, «Құрмалдық» деген атаумен 20 басыла бақтан астам кітап жазып шығарып, өз қаражатына бастырып үлгерген екен.

Тойды ұйымдастырушыларға бұл ақпарат жеткенімен, селт еткен ешкімді байқамадық...

Дос деген сөз – киелі лексика.

Ой-өрісі тоғысып жататын, көңілдері ортақ, қызығы мен шығармалары бір адамдар ғана дос бола алады.

Антикалық дәуірдің бір ойшылы «Досыңның көңілін танысам, сенің кім екеніңді білгенім» деп текке айтпаса керек.

Осы пәлсапаны қазақ «Көп жанан туысың болғанша, бір жақсы досың болсын» деп, тіпті, дамыта түскен.

Достыққа адал, еліне деген пейілі мен жүрегі аппақ, маңайына көңілі мен тілегі пәк Төрехан дос осындай Азамат.

«Мен дүниеге келгенде Керат

о дүниеге кеттімді.

Шахтерлер «дүниеден тағы

бір шахтер өтті» деп

күрсінсіңім!..»

(Эпиграф)

Төрехан Майбас, «Керат».

Шахтерлер сабақтастығы рәсінде да үзілген жоқ. Кераттың шахтерлік эстафетасын Төреханымыз лайықты жалғастырды. Осыдан екі жыл бұрын ол «III дәрежелі Еңбек Даңқы» орденімен марапатталды. Жұрт тағы да таң қалған. Шахтерлерге, мұнайшыларға, құрылысшыларға, өндіріс майталмандарына ғана берілетін орденнің журналшыға берілуі қалай деп?!

Жоқ, Төрехан шахтер еді. Онысын дәлелдеп берді.

Жердің астында да...

Жердің үстінде де...

Мерейжасын құтты болсын, Шахтер дос – Төрехан!

Нұрхан МЫСБАЙ,
Халықаралық Журналистика академиясының толық мүшесі,
КСРО және ҚР Журналистер одағы сыйлықтарының иегері

Кванттық шиеленіс

немесе мың сөз

– Мен қазақтың ұмыт болып бара жатқан мың сөзін білемін, – деді Төрехан Майбас ағам ең алғаш кездескенімзде. Аспанға қарап тұрып айтты. Біз де аспанға қарадық. Шөкімдей бұлт жоқ. Жаздың шілдіңгір шілдіс еді. Жоғары қарап сөйлесіп әдеті екен. Бұл ағамыздың Қарағандыға сыймай, Алматыға қызмет ауыстырған кезі еді. Бұрындары газеттен талай оқып, бір көруге құмартып жүрген ағамызбен осылай таныстық. Осылай табыстық. Кейін кітап болып басылып шыққан портреттік мақалалар жинағын сыйлады. Ішінде біз білмейтін сөздер көп. Мың сөз толық қамтылмағанымен қаншама құнды дүние бар. Мысалы «Шікіл». Біз бұл сөздің «құлабыз» деген баламасын білуші едік. Шікіл – құс қайтқанда көш бастайтын құстың атабіні екен. Кейіпкерін осыған теңетті. Бұл кісінің ерекшелігі сол, бір сөздің мағынасын түсіндіріп отырып, кейіпкерінің портретін жасайды. Тәңті болды. Журналистикада жүрген кезіміз гой, көп дүниені өзімізге қотардық. Үйрендік. Өзі білмес, айтсе де, Төрехан аға осылай ұстазымызға айналды.

Өулене Машһур ағамыздың «ғылым-білімнің бәрі қазақтың тілінде жатыр» дейтіні бар гой. Сөз энергиясы жайлы қаншама ғылыми конференция өтеді. Бірақ ешқашан оның шыншайы болмысы ашылған емес. Сөз, түс, ой – рухани әлем-

нен. Қазыбек баба жайлы жазған мақаламызда сөздік атауы жоқ ой жетім дегенді айтқанбыз. Яғни, адамның басында сөздік атауы бар ой ғана жеміс береді. Ғалымдар сол себепті ашқан жаңалығына бірден атау беруге құмар. Содан кейін ғана оны халық қабылдайды. Ал енді Төрехан аға білетін, біз ұмытқан мың сөз ше? Сөздік атауы бар, бірақ заттық болмысы жоқ бүгінде. Яғни, бұл қазақтың ойынан ұмыт болған сөздер. Жалпы баста жоқ, жалқы баста бар.

Ертеде Жапонияда бір жағдай болады. Күрші егу бұдан былай тиімсіз. Не істеу керек? Екінші мәселе күрші егуді тоқтатса, жапон тілінің бір қатар сөзі өледі. Бір қатар болғанда да, атам заманнан күрші екен халықтың сөзінің көп бөлігі күрші егуге қатысты екен. Сол тіл өлмек. Дегдар халық өз тілінің пайдасына шешім қабылдапты. Экономикалық тұрғыдан тиімсіз болса да, күрші еге беретін болған. Ал біздің тіліміздің көп бөлігі көшпенді өмір салтына байланысты екені айтпаса да белгілі. Біз одан қолхоздастыру мен ұжымдастыру одан кейінгі қалалық мәдениеттің үстемдігі салдарынан айрылды. Әйтсе де, бүгінгі Қытай мен Монғолиядан келген қандастарымызда һәм Светкалы Нұржан, Төрехан Майбас секілді «Могианың соңғы тұяқтарында» саф тіліміздің сарқыншағы бар. Біз пақырдың қандаста-

рымыз бен осы мақала кейіпкерінің тілін сауып, сөздік қорымызды қайта толтырғаннан басқа лажымыз жоқ.

Бүгінгі ғылымда «кванттық шиеленіс» (квантовая запутанность) деген жаңалық бар. Оны ашқан ғалымдар Нобель сыйлығын алды. «Шиеленіскен бөлшектер» (запутанная частица) деп те атайды. Кванттық шиеленіс дегеніміз – арақашықтыққа қарамай, уақытқа қарамай екі бөлшектің бірдей реакция көрсетуі. Бір бөлшектің екінші бөлшекке әсер етуі. Қазақша айтқанда, екі бөлшектің егізге айналуды гой. Мысалға бір бөлшекті сағат тіліне қарсы айналдирсаңыз, екінші бөлшек те сағат тіліне қарсы айналады. Ол екінші бөлшек Америкада тұр ма, әлде Марста ма, бәрібір. Қашықтық, уақыт бөгесін емес. Бұның кіші мысалы бүгінгі интернет. Сіз Қарағандының Майқұдығында отырып, Калифорниядағы Джонға «с» әрпіні жіберуіңіз. Джонның сол сөзге сізден «с» әрпі бар хабарлама алуы. Немесе бір адамның екінші адамның ойына әсер етуі. Кейде сіз айтқалы тұрған сөзді қасыңыздағы біреу айтып қояды да, сіз таңырқап, «мен де осыны айтпақ едім» дейсіз. Меніңше, Төрехан ағамыз қазаққа осы кванттық шиеленіс секілді қызмет етіп жүр. Бір бөлшек мың бөлшекке ақпарат беруде. Орыстанған талай сананы қазақшалаптыруда. Фейсбукке жазған этнографиялық жазбасы талай қазаққа азық. Ғалымдар кванттық шиеленіс заңы бойынша бір бөлшекті өзгерту арқылы екінші бөлшекке әсер ететміз дейді. Біз Төрехан Майбас секілді тұлғаларды алға шығарған күні бүгінгі һәм ертеңгі қазақтың мінез-құлқын өзгертеміз.

Төрехан ағамыздың «Керат» деген әңгімесін оқып, классик жазушы Оралхан Бөкей іздеп келіпті бір заманда. «Теңіздің дәмі тамшыдан» дегендей, ұлы қаламгер үлкен жазушының бір әңгімесінен таныған. «Маған әкенді көрсет, туған жеріңді көрсет» деп айтты дейді Төрәғам сол кездерді есіне алып. Дүниеде ақпарат қабылдайтын екі элемент бар. Су һәм топырақ. Адам денесі осы екі элементтен тұратынын айтып жату артық шығар. Мәселе, біз киелі топырақ дегенде нені меңзейміз? Өз ауылымын мысал айтайын. Аққора мен Сарыобалы деген арасы төте тартса, жиырма-ақ шақырымдық жер. Екеуінде де бір атаның балалары тұрады. Әрі бір-біріне өте жақын. Бір қызығы Аққорадан Жан Мәкенұлы, Рымтай Бөдесов бастап, Сырым Хордин, Саян Бөдесов жалғап, қаншама мықты әншілер шықты. Ал, өз ауылым Сарыобалыдан Қасым Аманжолов туды, бүкіл музыкалық аспапта ойнады десеменіз, өнші шыққан жоқ. Неге десеңіз, топырақ адамзаттан қандай ақпарат сіңірсе, сол ақпарат бойынша жеміс береді. Мысалға, Төрехан аға туған Шет ауданы шертпе күйдің, кесек сөздің, көшелі ердің мекені. Күй десек Қыздарбек, Әбді, Әшімтай, Аққыз, Әбікеннің Хасені, бүгінгі Мадияр Сүлеймен. Сөз десек, Жаңқұтты шешеннен әрі аспай бері қайырмағаның өзінде кеше ғана өмірден өткен Кәмел Жүністеги, тоқсанға келіп қалған Өмір Кәріп ақсақал бар. Жеке дара бір тау бөліп Төрәғам тұр. Бұл кісілердің сөзі сіңген топырақтан әлі талай қаламгер шығатынына шүбә жоқ. Адамзаттың бәрі топыраққа тыңайтқыш қой. Оны тірі адамның рухани түлетуі, то-

пыраққа жақсы ақпарат сіңіруі бір басқа. Оралхан Бөкей «әкенді көрсет, туған жеріңді көрсет» дегенде, іздеп келген қаламгерінің бойынан әр жағында жатқан топырақтың, тектіліктің киесін сезген бо-лар.

Аспанда небір қызық құбылыс болады. Сол құбылыстардан кейде мән-мағына тауып жатамыз. Мысалы, бізге көрініп тұрған жұлдыздардың кейбірі мың жыл бұрын сөншіп қалған болуы мүмкін. Олардың жарығы бізге жеткенше арада мың жыл өтеді. Дәл қазір бір жұлдыз сөнді деңіз. Ал оның жоқ екенін адамзат мың жылдан кейін барып біледі. Оған дейін ол аспанда жарқырап, жол бастап, нұр шашып тұра бермек. Бұл біздің аруағыннан айналатын Абылай, Бұқар жырау, Қаз дауысты Қазыбек, Сеңкібай, Жидебай, Кенесары, Ағыбай, Абай, Әлихан, Ахметтеріміз секілді гой... Қазақ ұлтына қызмет қылған әр тұлға бір жұлдыз. Төрехан ағамыз да осы санатта. Саналы ғұмырын алақаздың астында өткізген, бүгінде өзін этнограф санап жүрген, әйтсе де әйдік жазушы Төрехан Майбас ағамыздың да жұлдызы мың жылдыққа жарқырап тұрады. Сондықтан Төрехан ағамызды қадірлеуіміз керек! Биыл жетпіске келген қаламгер жайлы ой толғамымыз, айтармыз осы. Бір ауыз сөзбен айтар болсақ, қазақтың өткеніне (түгендеу үшін), бүгінгіне (тәрбиелеу үшін), ертеңіне (азық үшін) керек кісі!

Жанат ЖАҢҚАШҰЛЫ,
ақын, Қазақстан Жазушылар одағы
Қарағанды облыстық
филиалының директоры



• ТАНЫМ

Бейбарыс бейнесі

Қыпшақ тайпасынан шығып, әлемге әйгілі болған Бейбарыс сұлтанды насихаттау – әр қазаққа зор қуаныш сыйлары сөзсіз. Өйткені өткен тарих – бізге қашанда өр Рух болып оралады. Қазақтың қазіргі кездегі осы рухын барынша көтеру қажет. Басқа ұлттарға жем болмау үшін, жер жүзін жайлаған «жаһандану» аранына жұтылып кетпес үшін!



Коллаж М.Ө.Шығайұлы

Қазақ топырағында дүние есігін ашқан нәресте Бейбарыс мынау жарық күнге еркелей енгенімен, қатал тағдыры оны құлдыққа түсірген. Монғолдардың шапқыншылығы кезінде тұтқынға түсіп, Мысырға құл ретінде сатылған бала Бейбарыс әлдеқайдан келген бір тылсым құдіреттің күшімен ойын да, бойын да жат жұрттықтардың езгісінен араша-лап қалуға тырысты. Осы жолда өзін-өзі үнемі тәрбиелеумен болды. Ой-санасына жақсы рухани азық жиды. Сонымен қатар денесін дамытатын қимыл-қозғалыспен (бүгінгі тілмен айтқанда, спортпен) көп айналысқан екен. Енді осы әлемді таңқалдырған тарихи тұлғаның бізге жеткен деректерін шолып көрейік.

Батыр бабамызға қатысты тарихи деректердің көбісі (бәрі де болуы мүмкін) шет елдердің мұрағаттарынан алынған. Қазақтар емес, басқа ұлттар жазғанына, зерттеушілеріміз қарағанда Бейбарыстың ерлігі, әділдігі, соғыс айла-тәсілін керемет меңгергендігі, ел басқару ісіне жетік, шебер ұйымдастырушы екендігіне шүбәсіз сенуге болады. Себебі, ешқандай ұлт, өз ұлтынан өзге адамды асыра мақтамайды, өтірік баға бере алмайды. Жау, дұшпан ретінде немесе бөтен адам тұрғысынан төмендегіп көрсетуі мүмкін. Ал, сұлтан Бейбарысқа дүние жүзінің тарихшылары болсын, қаламгерлері болсын, зерттеуші ғалымдары болсын оң баға беріп, тарихи тұлға қатарында қабылдаған. Солардың кейбіреуіне тоқталайық.

Ортағасырлық араб деректерінде келтірілген Бейбарыстың толық аты-жөні – Малик аз-Захир Руқн ад-дин Абу-л Фаттах Бейбарыс бин Абдулла аз-Салихи ан-Неджди. Ол – XIII ғасырда Мысыр елін билеген мәмлүктердің төртінші сұлтаны. Бір қызығы, сонау Жүсіп пайғамбардан бастап, Мысырда өзге елден келгендер мемлекетке көп иелік еткен екен... Бейбарыстың туған жылы туралы тарихшылардың бір

тоқтамға келгені – 1223 жыл. 1260 жылы мәмлүк әмірлері Бейбарыс сұлтанды Мысырдың жаңа билеушісі ретінде таққа отырғызды. Сол Мысырды 17 жыл басқарған Бейбарыс 1277 жылы қайтыс болыпты. Денесі Дамаск қаласында (қазіргі Сирия мемлекетінің астанасы) жерленген.

Барлық деректерде Бейбарыстың керемет батырлығы, асқан ақылы және де асыл қасиеттері арқасында жәбірленген құлдан Мысыр мемлекетінің билеушісі дәрежесіне дейін жеткендігі айтылады. Таққа отырған кезінен бастап, сыртқы саясатқа байланысты бірнеше мемлекеттік маңызды іс-шаралар жасаған. Соның бірі, бәлкім, ең маңыздысы – Жошы ұлысы (Алтын Орда) билеушілерімен саяси, дипломатиялық байланыс орнату болып еді. Зерттеушілердің айтуынша, Бейбарыстың мақсаты – Жошы ұлысының билеушісі Берке ханмен бірігіп, Иранда монғолдар құрған Елхан мемлекетінің билеушісі Хулагу ханға, оның жаулаушылық жорықтарына қарсы тұру болды. Тарихшы Абд аз-Захир Бейбарыс сұлтанның Жошы ұлысы (Алтын Орда) билеушілерімен дипломатиялық байланысы хат алмасудан басталғанын тілге тиек еткен. Мысалға, мына бір дерек: «... Ниджраның 660 жылы (1261-62 ж.) Бейбарыс сұлтан татардың ұлы патшасы Беркеге хат жолдаған. Хатта Мысыр билеушісі Алтын Орда ханына Хулагу ханға қарсы бірлесіп соғысу қажеті туралы жазады. Бейбарыс сұлтан ислам дінін қабылдаған Берке ханға «дінсіз Хулагумен» соғысу оның мұсылмандық парызы екеніне баса назар аударды. Бұл хатты Бейбарыс сұлтан Алтын Орда билеушісіне алаң саудагерлері арқылы беріп жіберді...» депті. Ал, тағы бір тарихи деректе: «...Мысыр мемлекетінің Алтын Ордамен дипломатиялық байланыстары Берке хан қайтыс болғаннан кейін де жалғасты. Алтын Орданың жаңа билеушісі Менгу-Темір хан Бейбарыс сұл-

танға бірнеше елшілік жолдады. Ол Берке ханның бұл бағыттағы сыртқы саясатын жалғастырып, Бейбарыстың Мысыр мен Сириядағы мұсылман жерлеріне билігін толығымен мойындады» дейді. Мұсылмандық парыз демеуші, Бейбарыс сұлтан – ислам дінін өте құрметтеп, ерекше ұстанған адам. Осы діннің орталығы қасиетті Мекке мен Мединені жат жұрттықтардан қорғап, үнемі қорғаны болғаны жайлы, тіпті, Иерусалимнің қауіпсіздігін қамтамасыз еткен дейтін де деректер кездеседі. Сондай-ақ, сұлтан билік құрып тұрған шағында мұсылман елдеріне көмегін аямай, көп қолдауын көрсеткен. Олардың есіп-өркендеуіне жағдай жасап, өзіндік үлкен үлесін де қосып отырған. Араб ғалымы Амин ал-Халидидің зерттеуінде Мысырды Бейбарыс сұлтан билеген жылдары араб елдері арасында сегіз дипломатиялық елшілік болған екен. Басқа да араб тарихшылары Бейбарыс басқарған кезеңді «алтын жылдар» депті. Кейбір деректерде Бейбарыс сұлтанның әлемнің 54 елімен дипломатиялық қарым-қатынас жасағаны айтылады.

Көне заманнан бізге жеткен тарихи деректерді таразылап көрсек, Бейбарыс бабамыздың тек қана саясатты көздеп, мемлекет басқару ісінде біржақтылық танытпағанына көзіміз жетеді. Мәселен, ортағасырлық араб тарихшылары Абд аз-Захир, әл-Омарилардың зерттеуін жалғастырған арабтанушы Қайрат Сәкидін: «Бейбарыс туған жерімен қарым-қатынас орнатуды, өз ұлтының ұлдары мен қыздарының Мысыр еліне тұрақты түрде келіп-кетуін қамтамасыз етуді көздегені» дейтін өзіндік пікірінде үлкен шындық жатыр. Бүгінгі журналист Баян Жанұзактың «Даңқты сұлтан – Бейбарыс» мақаласында: «... Сұлтан Бейбарыстың өз заманында Мысыр елінде салдырған мешіті бар. Сол мешіттің іші қазақтың оларарымен өрнектеп салынған. Қазірде сақтаулы. Күрделі жөндеуден өтті. Бұл – Қазақ елі мен Мысыр елінің достығының

үлкен бір нышаны» деген дөңкер деректер кездеседі. Осыған орайлас журналист Ғалымжан Өтелбайұлының «Мәлім де беймәлім Бейбарыс» жазбасында: «...Бүгінде осыдан жеті жарым ғасыр бұрын Бейбарыс сұлтан негізін қалаған Мысыр мен Ұлы Даланың байланысы жалғасуда. Алтын Орданың

• ҚҰРМЕТ

Ерлігі ел есінде

Кеше Ұлттық ұланның «Орталық» өңірлік қолбасшылығы әскер қатарына шақырылып, Қаңтар оқиғасында қаза тапқан сарбаздар Мадияр Қайсаров пен Айбат Амановты еске алды.

Аяулым СОВЕТ, «Ortalyq Qazaqstan»

Еске сала кетейік, 2022 жылдың 5 қаңтарында қатардағы жауынгер Мадияр Қайсаров жедел бөлімшенің құрамында Қызылорда қаласында қоғамдық тәртіпті қалпына келтіру бойынша жауынгерлік тапсырманы орындауда ауыр жарақат алған. Кейін алған жарақатынан қайтыс болды.

Сол күні Талдықорғандағы қоғамдық тәртіпті тұрақтандыру жөніндегі қолбасшылықтың тапсырмасын орындау барысында қатардағы жауынгер Айбат Аманов тонаушылар мен бұзақылардың қолынан қаза тапты.

«Мәңгілік сапта» шарасында сөз алған жауынгерлік қызмет басқармасының бастығы, полковник Мақсат Қырғызбаев Қаңтардағы қайғылы оқиғаларға тоқталды.

– Мадияр нағыз қаһарман ретінде қаза тапты. Өйткені, әрбір ер туған жерін қорғау үшін туады, менің ұлым өз борышын адал атқарды, – деді Мадияр Қайсаровтың әжесі Оразалы Қайсарұлы.

Айта кеткен жөн, қатардағы жауынгер Мадияр Қайсаров Қызылордадағы Ұлттық ұланның 5547 әскери бөлімінде, ал Айбат Аманов Талдықорғандағы Ұлттық ұланның 5514 әскери бөлімінде әскери борышын өтеген. Әскери қызметшілер дүниеден өткеннен кейін ерлігі үшін III дәрежелі «Айбын» орденімен және «Ұлттық ұлан қызметінің үздігі» төсбелгісімен марапатталды.

«Орталық» өңірлік қолбасшылығы баспасөз қызметінің хабарлауынша, қазір Қарағанды қаласы мен Жаңаарқа кентінде батырларды еске алып, көшелерге билбордтар орнатылды. Жа-



– Қайғылы оқиғалар орын алған уақыттан бері екі жыл өтті. Қаза тапқан әскерилердің есімдері жадымызда мәңгі сақталады. Олардың ерлігі – әскери борыш пен анта адалдық, – деді полковник Мақсат Қырғызбаев.

Әскери қызметшілер Мадияр Қайсаров пен Айбат Аманов жайлы деректі фильмді тамашалады. Фильмде қаза болған сарбаздар туралы ата-аналары, достары, ұстаздары мен командирлерінің пікірі берілген. Шарға қаза тапқан сарбаздардың туыстары да қатысты.

уынгерлер даярланған мектептер мен колледждерде бұрыш ашылып, олардың ерліктерін суреттейтін стендтер қойылды. Сәкен Сейфуллин атындағы Жаңаарқа тарихи-өлкетану музейінде Айбат Амановтың киімдері мен жеке заттары қойылған көрме ұйымдастырылды. Ал, Мадияр Қайсаров тұрған үйге мемориалдық тақта орнатылып, Қызылорда мен Талдықорғандағы әскери бөлімдерде әскери қызметшілерді еске алуға арналған бұрыштар салынды.

• АБАТТАНДЫРУ

Көшет көрік береді

Сәл бұрынырақ желден жерге дейін құлап жатқан қылқанды жас шыршалар маңайындағы жұртты сарсаңға түсірген еді.



Ерканат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ, «Ortalyq Qazaqstan»

Тағдыры қала тұрғындарын толғандырып келген Теміртаудағы жас шыршалар көшетін бекіту амалы сәтті жүргізілді. Енді көк шырша көшетіне еш қауіп жоқ. Теміртау шаһары Бейбітшілік даңғылында желге шайқалған шыршаның жас көшеттері тұрасындағы бейнеролик әлеуметтік желіні кезіп кеткен. Қарағанды облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы көшет отырғызуға мұрындық болған.

Тамыры топыраққа бекіме-

ген жас көшет солып қала ма деп алаңдаған жергілікті тұрғындар құзырлы мекемелерге хабарласқан. Тілшілер қауымына Теміртау қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары, құрылыс және тұрғын үй инспекциясы бөлімінің өкілдері аталған шырша көшеті қала қарамағына өткенін хабарлады. Өз кезегінде жергілікті әкімдік көшеттегі көк шырша біткеннің тамырын бекітіп үлгерді. Көңілі жұбанған қала тұрғындары әр шыршаның айналасында орнатылған кішкене қорша тұрған абақ көріністі көріп, мәңгі жасыл ағаштардың тамыры тереңдеп, бұтағы биіктейтініне үмітті.

• СҮЙІНШІ!

Дубайда дара шықты

Қарағандылық өнер мектебінің оқушылары Дубайда өткен халықаралық байқаудан бас жүлдемен оралды. Олар қазақтың күйлерінен попури орындады.

Ерік НАРЫН, «Ortalyq Qazaqstan»

Өнер мектебінің оқушылары қазақтың секіртпе күйін орындапты. Шетелдік әділқазылар жас күйшілердің композициясын ерекше ықыласпен бағалаған. Осылайша, халықаралық байқауда бас жүлдені қанжығаларына байлады.

– Оқушыларым өнер көрсетіп болғаннан кейін шетелдік қазылар жанымызға келіп, таңданыстарын жеткізді. Ұлттық аспапты қолдарына ұстап, шертіп көрді. Домбы-



раның үніне тамсанып, біраз тұрды. Өнерімізге жоғары баға берді.

Кеудемізді мақтаныш кернеді. Енді Еуропада өтетін халықаралық байқауға қатысуды көздеп отырмыз, – деді домбыра пәнінің мұғалімі Жәнібек Қазыбекұлы.

Халықаралық байқауға Түр-

шілер өнер додасында бақ таластыру оңай болмағанын айтты. Төкен Байжігіттің домбыра үйірмесіне қатысқанына бір жыл ғана болыпты. Аз уақыт ішінде өз шеберлігін көрсете білген.

– Дубайда өткен конкурста қатты қобалжыдым. Бас жүлде алғанда қатты қуандым. Әрине, оңай болмады. Біраз еңбектендік. Еңбегіміз ақталды. Халықаралық деңгейде өнер көрсету оңай емес. Әрі қарай да шеберлігімді шындаймын. Мұғалімдерден бәрінен үйреніп, келешекте сахнада жарқырағым келеді, – деді Төкен Байжігіт.

Қазір жас күйшілер ансамблі алдағы уақытта болатын басқа да халықаралық байқауларға дайындықты жалғастырмақ ниетте. Жаңа композицияларды репертуарларына қоспақ.

кия мен Қырғызстан өнерпаздары қатысты. Қарағандылық күй-

ТАҒЫМ

Мейірінді аңсадық

«Қай балаңызды бәрінен артық жақсы көресіз?» деп сұрағанда кез келген ана «Менің мейірімім қай балам көбірек мұқтаж болса, сол балапанымды көбірек жақсы көремін» деп жауап береді екен. Демек, әр ана өзінің тоғыз ай, тоғыз күн толғатып тапқан барлық перзентін бірдей жақсы көреді деген сөз. «Баламның табанына кірген шөнге менің маңдайыма қаласын» деп бәйек болып, айналып-толғанатын аяулы аналар туралы қанша тебірене қалам сілтесек те, аз. Осындай мәрт жүректі, алтын құрсақты ардақты аналардың бірі – Роза Ыбырайқызы Боранбаева болатын. Тірі болғанда 7 қаңтарда 86 жасқа толар еді. Өмірден өткеніне де 5 жылдың жүзі болды.

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Роза Ыбырайқызы – 1938 жылы шежірелі Шет ауданы, Ақсу-Аюлы кентінде дүниеге келген. Роза анамызға отаншылдық рух, адал еңбекке деген ынта екенің қанымен, ананың сүтімен келген десек, артық айтқандық емес.

«Балапан ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі» деген даналық сөз бар қазақта. Роза анамыз да асқар таудай әкесі мен ақ жаулықты анасының еліне адал қызмет етіп, халықтың алғысына бөленіп, тату-тәтті гүмбір кешкенін көзімен көріп өсті.

Атап айтсақ, әкесі Ыбырай Боранбаев – 1934-1935 жылдары Қоңырат аудандық партия комитетінің екінші хатшысы, 1936-1937 жылдар аралығында Жаңаарқа ауданы партия комитетінің екінші хатшысы болған. Ал, анасы Нағима Боранбаева 1943-1944 жылдары Шет ауданы, өндіріс комбинаты «Жаңағала» артелиінде директор, 1949-1955 жылдары Шет ауданы, Ақшоқы селолық кеңесінің төрағасы және басқа да жауапты қызметтерді абыроймен атқарған.

Тағы бір айта кететін дүние, анамыздың шыққан тегі туралы. Аргы тегінің шыққан жері – қазаққа талай алыпты сыйлаған киелі Семей өңірі. Руы – Тобықты. Ұрпақтарының естелігіне сүйенсек, «Мен Семей жақтың Тобықтысымын. Хакім Абайдың ұрпағымын» деп айтып отырады екен. Яғни, Шыңғыстау өңірін мекендеген Тобықты елі. Текті ұрпақтың тегіне тартып тууы ақиқат.

Осы тұста анамыздың өмірлік жолдасы Марс Еренбекұлы Төлеуқұлов туралы айта кетейік. Марс Еренбекұлы қоғам қайраткері, Қарағанды қаласының Құрметті ардагері, «Шет ауданының Құрметті азаматы». Елге еңбегі сіңген, тұтас Арқа аймағына сыйлы арда азамат. Руы – Арқаның төсін ең жайлаған Қаракесек елі, Сарым бұтағының, Дербісалы батыр тармағынан. Ал, енді өзінің ойлай беріңіз. Өз жұрты атақты Тобықты болса, түскен жері



Сарым, Дербісалы болса, жастайынан ұзына жарып, әке-шешесінен бір өмірге жетерлік үлгі-өнеге алып өссе, Роза анамыз қалай осал болсын?!

Марс Еренбекұлы екеуі отбасы дейтін қастерлі ұғымды көздің қарашығындай сақтап, селкеусіз сезімге кірбің түсірмей, қол ұстасып тату-тәтті өмір сүрді. Саф махаббаттарының жемісі екеуінен тараған жеті перзент. Алла берген жеті баладан немере-шөбере сүйіп жатыр. Көпбалалы ана «Алтын алқа» иегері атанды. Алланың бергеніне шүкіршілік етіп, гүмбір кешті. Адалдықтан бір сәт те тайқыған жоқ.

Көздерінің ағы мен қарасындай ұлқыздары Марат, Дина, Қымбат, Гүлмира, Талғат, Дана, Бауыржанның әрқайсысы бүгінде бір-бір шаңырақтың иесі. Барлығы жоғары білімді, өздері қалаған мамандықтың білгірлері.

Балаларын ешкімнен кем қылған жоқ. «Қанаттығы қақтырмай, тұмсықтыға шоқыттырмай» қатарының алды қылып өсірді. Қазақта «Балаңды тәрбиелегің келсе, өзіңді тәрбиеле» деген сөз бар. Роза анамыз бен Марс әкей өздерінің өнегелі

өмір жолы арқылы үлгі көрсете білген сұңғыла жандар. Сонымен қатар, «Балаңды аясаң, аяма» деген халық даналығын да жете түсініп, «Балаңа балық берме, қармақ бер» деген қағиданы ұстанып, әрбір баласын жастайынан еңбекке баулып, жеті атасын жаттатып, салт-дәстүрге қанық қылып өсірген. Шектен тыс еркелетпей ұлды ұлша, қызды қыздай етіп, мәпелеп жеткізді. Бүгінде олардың әрқайсысы бір салада табанды еңбек етіп, әке мен ана жолын жалғап келеді.

Бүгінде Төлеуқұловтар әулетіне ел сүйсінеді. Қызыға да, қызғана да қарайды. Тамырын тереңнен тартқан бәйтеректің бұтақтары жайқалып, жапырақ жаюда. Еліне, жеріне сая болуда. Бұл – ананың ақ сүтінің, әкенің ақ адал тәрбиесінің ақталып, арманының орындалғаны. Ұрпақтан-ұрпаққа ауысып отыратын ізгілік, адамгершілік, үлкенді құрметтеу, кішіге ізет көрсету бүгінде Марс әкеміздің әулетінде осылайша ұрпақтан-ұрпаққа беріліп келеді. Осындай алтын арқаудың үзілмей, жалғасуына үлкен еңбек сіңірген ол, әрине – ел анасын атанған Роза Ыбырайқызы.

Роза Ыбырайқызы ұстаздықты жанына серік етіп, тарих, география пәндерінен сабақ беріп, тұтас саналы гүмбірін шәкірт тәрбиелеуге арнады. Бойындағы бар асыл қасиетті, бар білімін қарақөз шәкірттерінің санасына құйды. Білімді әрі жан-жақты көптеген шәкірттің қанатын қатайтып, қияға ұшырған абзал жан. Бүгінде олар да еліміздің әр бұрышында абыройлы қызметте. Ыбырай, Ахмет, Мағжандардың сара жолын жалғап, «Ұстаз» дейтін ұлы атқа лайық бола білді. Еңбегіне сай сый-құрметтен де кенде емес.

Роза Ыбырайқызы шәкірттерінен белгілі ғалым Айгүл Исмақованың есімін атасақ жеткілікті. Бір бейнежазбасында Айгүл шәкіртінің оқушы кезінен өте алғыр болғанын айтыпты Роза анамыз. Демек, негізі мықты қаланған. «Ұстазы мықтының, ұстамазы мықты» деген сөз бекер айтылмаса керек.

Роза Ыбырайқызын жан жары Марс Еренбекұлы мен соңында қалған саналы ұрпағы сағына еске алады. Жылы жүзі мен мейірімге толы бейнесін жүректерінің төріне мықтап бекіткен. Естерінен шығармай, үнемі басына барып, зиярат етеді. Құран бағыштап, дұға тілейді. Біз де соңында салықалы ұрпағы бар Роза анамыздың жатқан жері жарық, жаны жәннатта болғай деп тілейміз!

Марқұм шешем колхозда қой сауатын алдыңғы қатарлы сауыншылардың бірі. Ол кезде он екіге толған баладан бастап, шал-шауқанға шейін еңбек ететін. Өйткені, соғыстан кейінгі уақыт, кісі жетіспейді. Он екі-он үш жасар өзін қатарлы балалар бір отар қойды қуалап жүріп ұстап алып, әр қой сауылып болғанша ұстап тұратынбыз. Сонда күн сайын сауылған қой сүтінен ірімшік дайындалып, Үкіметке тапсырып отыратын шешейлер. Сауыншылар бір отар қойды

түске дейін сауып бітіретін еді. Еңбектері бағаланды.

Одан бөлек, жарнамада ит пен мысықты көрсете бергенше, төрт түлік малдың төлдерін неге көрсетпесек? Мысалы, қой мен ешкінің қошақанын әрі сүйкімді әрі тартымды қылып көрсетіп, «Қошақаным қайда екен?» деген өлеңмен әрлесе де болады.

Өз дүниемізді көруге тұрарлықтай қылып, тырысып, соны көрерменге жеткізсек, нұр үстіне нұр болмай ма? Ұлттық намыс көреміз бізге. Бұрынғы ата-бабаларымыздың дәстүрін жалғастырып, төрт түлік малдың қасиетін арттыру керек. Соны жас ұрпақтарға үйретіп, өнеге қылып жастардың бойына сіңіруіміз қажет.

Мұрат ЖАНЫСБАЕВ

ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ

Мейірім жүрек жібітер

Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы төрағасы, Бас мүфти Наурызбай қажы Тағанұлының бастамасымен «Зекет және қайырымдылық» қорының Қарағанды облыстық өкілдігі әлеуметтік көмекке мұқтаж он отбасыға қаржылай көмек көрсетті.



Атап айтқанда, әр отбасыға 100 мың теңгеден, жалпы мөлшері 1 млн. теңге қаржылай жәрдем көрсетілді. Қарағанды облысының бас имамы Естай Айтуғанұлының қолдауымен жүзеге асырылған шараның мақсаты – жалғызбасты, көпбалалы аналарға қарайласу, мүмкіндігі шектеулі науқас жандарға қол ұшын созу.

Ігі істің басы-қасында жүрген «Зекет және қайырымдылық» қорының жауапты өкілі Асылхан Рахымжанұлы жиналған

қауымға жүрекжарды тілегін айтып, облыс бас имамының ыстық сәлемін жеткізді.

Негізінен көмек жалғызбасты аналарға жасалды. Әлеуметтік желіде ол кісілермен ортақ чат бар. Сол жерде қандай да бір өтініш айтылса, оны орындауға тырысамыз. Алдағы уақытта мүмкіндігі шектеулі адамдарды ыстық тамақ, тәттілермен қуанту жоспарымызда бар, – деді Асылхан Түсібеков.

Өз тілшімізден

ӘЛЕУМЕТТІК ҚОЛДАУ

Қандастарға қамқорлық

Биылға Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі қандастарды қоныстандыру үшін 9 483 квота бөліп отыр. Бұл өткен жылмен салыстырғанда 554 адамға артық.

Жансая ОМАРБЕК,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қандастар мен қоныс аударушыларға берілген квота еліміздің солтүстігі мен шығысында. Оның ішінде, Қарағанды облысына 36 қоныс аударушы келе алады. Қандастар мен қоныс аударушыларды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізілген адамдарға мемлекеттік қолдау шарасы көрсетіледі. Атап айтқанда, отбасының әрбір мүшесіне 70 АЕК көлемінде көшуге берілетін біржолғы субсидия. Тұрғын үйді жалдама алып, ауруханаға түстім.

АЛҒЫС

Азамат десе, азамат-ақ екен!

Қарағанды қалалық №2 көпсалалы ауруханасының қан тамырлары және эндоскопия хирургия бөлімшесінің меңгерушісі, жоғары санатты хирург Азамат Жашкеевке алғысым зор. Атына заты сай, білікті маман әр науқастың көңілін тауып, дертіне шина бола біледі екен.

Сол аяғым шаршап, салқын күндері, жылына, ауырғанына 2-3 жыл болған еді. Шыдаптайтын болған соң осы аурухананың емханасында тексерілдім. Сараптама қорытындысы бойынша сол аяғымда қан айналымы бұзылып, тамырлары бітелген екен. Емхана дәрігерлері тез арада ота жасау керектігін айтты. Деруе барлық сараптама түрлерін жасатып, Бұқар жырау аудандық ауруханасынан емделуге жолдама алып, ауруханаға түстім.

Ауруханада аяқ қан тамырының бітелген жерін алып, басқа жердің тамырымен жалғастырып, қан жүру жүйесін қалпына келтірді. Ота 2 сағат 20 минутқа созылды. Одан кейінгі ем кезінде көп жағдайларға қанықтым. Қан тамырлары ауруларымен ауыратын адамдар өте көп екен. Облыстың түпкір-түпкірінен келеді. Өзбекстан Нүкіс қаласынан келген қандасымыз Камал Искендеров, зейнеткер Леонид Найденов, әскери қызметші Айбек Бөдеш деген азаматтармен таныстым. Барлығы да ота жасатып, отбасыларына аман-есен оралды. Бөлімшеде жүргізілетін емдом жұмыстары, тазалығы, медбикелер мен санитарлардың жұмыстары көңілге

қонымды. Осы істердің басы-қасында Азамат Кенжеұлы жүреді. Күні-түні дамыл таппай, бірде күрделі оталар жасаса, бірде аурулардың жағдайын біліп, нақты ем-шараларын шешеді. Кеңінен отырып, әңгімелесуге уақыты болмады. Тек қана ауруханадан шығатын күні аз-кем сұхбаттасуға мүмкіндік туды. Өзі туралы айтуға да сараң. Шет ауданының азаматы екен. Осындағы медицина университетін бітірген. Содан бері 30 жылға жуық осы салада еңбек етіп келеді. Өз мамандығын жете меңгерген хирургтың еңбегі, науқастарға жақсылығы мол. Жолдама Кенжеұлы бөлімшедегі хирургтарды іріктеп алуда қателеспейті. Тимур Сраубаев, Қалмақан Сұлтанов сынды мамандар сөзіме дәлел. Медицина – халықпен тікелей байланыс жасайтын сала. Бүгінде дәрігерлерді дағдайындар көбейіп кетті ғой. Десе де, Азамат Кенжеұлындай өз ісінің білгірі, мамандығына берілген тұлғалардың бар екені рас. Ел алдында солардың жақсылығын айтуды жөн көрдім.

Женіс ШӘДЕТОВ

Бұқар жырау ауданы

ТОО «AlemGaz» проводит полугодовой отчет перед потребителями и иными заинтересованными лицами об исполнении утвержденной тарифной сметы и утвержденной инвестиционной программы компании за 2-е полугодие 2023 года, который состоится 29 января 2024 года в 11.00 ч. в административном здании ТОО «AlemGaz», по адресу: ул. Г.Потанина строение 125/1.

ІШТЕ ПІКІР ӨЛГЕНШЕ...

Әдепсіз жарнама жарға жығады

Телеарна – идеология құралы. Бүгінде теледидарсыз үй жоқ. Оны дұрыстап пайдалана білсек, талай жерде ұтуға әбден болады. Бірақ, өкініштісі, теледидарды қоса қалсақ, көрермен қауымға ұсынатыны – шетелдік жарнамалар. Осындайда қазақ телеларналары жағымды жарнамаларды неге көрсетпеске деген ой келеді.



Мысалы, кешкі сағат 9.00-де түріктің «Осман» фильмі басталды. Басталғаннан бұрын фильм біткенше алты-жеті рет «Кока-кола» сусыны көрсетіледі. Түкке тұрғысыз, ешқандай мағына жоқ. Шөлдеген адам оларсыз да біледі не ішетінін. Тартымсыз, көрерменді әбден мезі қылған жарнама.

Енді осындай мағынасыз жарнаманы алып тастап, оның орнына телеарнадан қазақтың ұлттық сусындарын неге жарнамаламасақ? Мысалы, қымыз, сүт пен айран, қара құрт.

Ежелден төрт түлік мал баққан елміз. Малмен көзі шықты, малсыз өмір болмады.

Оның ішінде, тобылғымен ысталған күбде ашыған балдай қымызға не жетеді? Соны неге көрсетпесек?

Қазіргі кезде шетелдегілер, оның ішінде Германия қымыздың қасиетін біліп алып, қолға алып жатыр.

Тіл үйретіп, әрі адамға сусын, әрі тамақ, адам ағзасына 100% пайдалы, ішінде адам ағзасына керекті дәрумендер бар. Қанша ауруға ем, оның ішінде, туберкулез ауруларына мың да бір ем.

Одан кейінгі – қазақ қой өсірген. «Мал өсірсен, қой өсір, табысы оның көл-көсір». Сүт пен айран – ежелден келе жатқан қазақтың сусыны. Соны неге жарнама беріп көрсетпеске көрермендерге? Көрнекті әрі тартымды қылып жарнама берсе, көреді, көзі қанығады.

Бабалық шағым Қарқаралыда өтті. 50-ші жылдардың бас кезінде марқұм әкем жиырма мың қой өргізген колхозда ферма меңгерушісі болды.



ӨНЕР КҮНДЕЛІГІ

Шахназе және шабыт

Қарағандылық қобызшы қыз Golden Time Talent халықаралық онлайн-байқауында I орын жүлдегері атанды. Ол – Бұқар жырау ауданының жиырма екі жастағы өнерпазы Шахназе Илиясова.



Сурет облыс әкімінің сайтынан

Жан АМАНТАЙ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Жеңімпаз жерлесіміз алдағы уақытта ел намысын Ұлыбританияда қорғамақ. Оның жеңіске деген сенімі мол. Тіпті, қазіргі тынымсыз дайындығы да сол байқаудың жүлдегері болуымен бірден-бір кепілі.

Өткен байқауда алғашқы шығарманы орындау кезінде маған оркестрдің орнына фортепиано қатты көмектесті. Соның сүйемелімен менің орындауым әсерлі болды. Жалпы, байқауға жіберген үш бейнеролигім де қаралымды көп жинады. Бағымға орай Лондонға жолдама алдым. Өрине, шетелге баруға, ондағы музыка мәдениетін тануға ерекше құмармын. Алайда, қаражат жағы қиындық тудырады. Себебі, ол жаққа ұшу ақылы, сахналық бейнені ояластыру керек. Міне, осының барлығы қаржыға кеп тірелері сөзсіз, – дейді жас қобызшы.

Шахназе Илиясова – Бұқар жырау ауданы Ботақара кентінің тумасы. Әуен мен күй оның бала кезден жолдасына айналған. Анасының қолдауымен алғаш қобыз мектебінің табалдырығын аттағаннан-ақ ол бұл аспапқа ерекше көңіл бөлді. Содан бері Шахназе өзінің сүйікті аспабымен әрдайым бірге және әртүрлі республикалық және халықаралық конкурстарға, қайырымдылық концерттеріне қатысып, шығармашылығын шыңдап жүр. Ол – Тәттімбет атындағы Қарағанды өнер колледжінің түлегі.

Golden Time Talent байқауына бойжеткен қашықтан қатысты. Ол байқауға үш түрлі шығарманы – Арман Жайымның «Прима қобызға арналған оркестрмен концерт», Сергей Прокофьевтің «Монтеки және Капулетти» және Двой Хисаисидің One Summer's Day әуенін орындаған бейнежазбаларды жіберген болатын.

Бүгінгі күні Шахназе Ботақарадағы «Руханият» қосымша білім беру орталығында қобыздан дәріс береді. Оның 10-нан астам тәрбиеленушісі бар. Бұдан бөлек, Шахназе – шығармашылық және музыкалық байқауларда біршама жетістіктерге жеткен талант иесі.

Ол – республикалық конкурстардың бірнеше дүркін жеңімпазы, сондай-ақ «Сибирь зажигает звезды» жобасы шеңберінде халықаралық конкурс-фестивальдің I дәрежелі лауреаты атанған.

КИНОИНДУСТРИЯ

Отандық киноға олжа салған

«STARTKINO» қоғамдық бірлестігімен тағылымды һәм танымдық дүние жасалды. Ол – тың деректі фильм. Бір-бірімізді түсіндік. Бәрі ойдағыдай, жоспардағыдай болды. Таңданысымды жасыра алмай, қағазға түсіруді жөн көрдім.

Былтыр «Нілді: Тарих және Тағылым» атты монографиям жарық көрді. Бұл еңбегім тарихқа қызығатын оқырманның көңілінен шыққандай. Мұнда қазақ даласындағы өндірістің қалай және қашан басталғаны баяндалады. Зерттеушілерге қажетті деректер баршылық деп ойлаймын. Сол кітаптың арқасында «STARTKINO» басшысы Арман Әлімжановпен таныстым. Танысып қана қоймай, сол таудай талабы мен дарыны ұштасқан бауырымның ұсынысымен «Ұлы даладағы өркениет бесігі» атты деректі фильмді жарыққа шығардық. Былайша айтқанда, деректі фильм менің монографиямның желісімен түсірілген.

Содан, деректі фильмді бас офисі Лондон қаласында орналасқан «Еуразиялық шығармашылық Гильдияға» ұсындық. Мүшелігінде алпыстан аса мемлекет бар. Туынды өз бағасын алып, Гильдияның Кеңесі 2024 жылдың мамырында Лондон қаласында өтетін байқауға жолдама берді.

Лондондық кәсіпорын басшыларының бірі Марат Ахмеджанов кинорежиссер Арман Әлімжановпен және менімен жүздесуге ниетті екенін білдірді. Гильдияның Шортанды қаласындағы резиденциясында кездесу өтті. 14 желтоқсан күні Гильдия басшысы Арман Әлімжановпен мені және «STARTKINO» қоғамдық бірлестігінің аппараты жетекшісі Жәнібек Құсайыновты Гильдияның мүшелігіне қабылдады. Астана қаласында шығармашылық жұмыстарымызды халықаралық дәрежеде демонстрация жасауға рұқсат беретін сертификат табыс етті.

Еңбек етуден, тынымсыз ізденістен таңбайтын ұжымға сүйсіндім. Әлі-ақ ертең отандық киноның жаңа дәуірін қалыптастыруға өз септігін тигізеді деген сенімдемін.

«STARTKINO» 2018 жылы «ARMANFILMS» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі ретінде құрылған екен. Ашылған бетте онлайн форматта өтініштер қабылдап, құрамына мың жарымнан астам шығармашылыққа құмар жастарды жинаған. Кездесулерді Қарағанды, Астана, Алматы қалаларында өткізіпті.

2023 жылы «STARTKINO» жобасының негізінде қоғамдық бірлестік болып қайта тіркелген. Бірлестіктің құрылтайшысы Арманның айтуы бойынша, бұндай шешімге қолдаушы жастардың көбеюі түрткі болған.

– Қарағанды облысында өзіміздің бастамамызбен тәуелсіз ұйым ретінде жұмыс бастадық. Өз еріктерімен мүше болып кірген жастарымызға кино өнерін үйрете бастадық. Кинематографиядағы компьютерлік-сандық технологияларды меңгеруге деген талпыныстарына жол ашамыз. Біздің басты ұстанымымыз – жастарды ұлттық мұраларымызбен қауыштыру, сонымен қатар, кино өнері саласындағы әлемдік трендтерден шет қалмау жағын ояластыру. Жалпы 18 жастан 45 жасқа дейінгі үміткерлерден база жасақтаған едік. Олардың саны бүгінгі таңда 240 адамнан асты. Жастар уақыт өткен сайын көбейіп келеді. Бізден шеберлігін шыңдап, шет елдерде жарқырап жүрген достарымыз баршылық. Олар біз түсірген «Тағдыр» веб-сериалында, «Удар» мобильдік веб-сериалында, «Не открывай» фильмінде, «Өмір құны» деген деректі фильмде және «Ұлы даладағы өркениет бесігі»

фильмінде образдарды сомдады.

Былтыр Бұқар жырау бабамыздың 350 жылдығына арналған «Көмекей әулие» деген деректі-көркем фильм, еліміздегі пандемия салдарын баяндайтын «Первая волна» көркем фильмі, «ANSNY», «ЯМА» мобильдік



киноларын жарыққа шығардық. Дипломдық фильм де бар. «AWAKENING» – мистикалық жанрдағы көркем фильм, «Дверь», «Суровое воспитание», «Ключи жизни», «Плохая мама», «Пока не поздно» деген қысқаметражды фильмдерді көрермен назарына ұсындық. Біз жастарды оқытатын университет емеспіз. Біздікі – тек тәжірибе беру. Сол себептен, жастарды Алматы, Астанадағы, өзіміздің қаламыздағы кәсіби өнер сандақтарымен кездестіріп, тәжірибе алмасуға мүмкіндік сыйладық. Ұлу жылында алдымызға қойған жоспарларымыз бар. «Жастар шығармашылығын дамыту орталығын» ашпақпыз. Орталық киноакадемия, кинозал, кинолагерь бөлімдерінен тұрады, – деді Арман Әлімжанов.

Әлемдегі дамыған мемлекеттерде де осындай тәуелсіз ұйымдар бар. Солар мемлекеттің дамуына зор үлес қосып отырғанын білеміз. Арман Әлімжанов секілді талапты, талантты азаматтар отандық киноға тың серпін береріне көміл сенеміз. Лондоннан сүйінші хабар жеткенін де айта кетейік. «Еуразиялық шығармашылық Гильдияның» «Киноны Сараптау Кеңесіне» Арман Әлімжанов төраға болып сайланды. Бұл – еліміз үшін зор абайрой.

Жұмағали МАҒЗИ,
Қазақстан Журналистер одағының мүшесі
Сурет автордан

ARTSPORT

Қамқорлықтан – дамуға

Облыста ArtSport мемлекеттік спорт тапсырысын жүзеге асыру аясында жан басына шаққандағы қаржыландыру бірнеше жылдан бері жалғасып келеді. Қазір облыс аумағындағы қалалар мен ауылдарда 11 мыңнан астам бала спорт үйірмелеріне тегін барады. Олар спорттың 22 түрі бойынша жаттығады.

Облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасының мәліметінше, өткен жылы республикалық жоба аясында 194 секция жұмыс істеп, оларға 11,9 мыңға жуық бала мен жасөспірім қатысқан. Бюджеттен 2 миллиард 164 мың теңге бөлінді. Ал, 2024 жылы бұл сома 261 миллион теңгеге артып, балаларды спортпен қамтуды арттыруға мүмкіндік бермек. «Қазір облыста 1247 спорт нысаны жұмыс істесе, оның 299-ы ауылдық жерлерде орналасқан. Аймақта жыл сайын спорт нысандары салынууда. Дегенмен, қажеттілік әлі де бар. 2023 жылы 980 млн. теңгеге 11 спорт нысаны күрделі жөндеуден өтті. Жалпы сомасы 5,982 млрд. теңгені құрайтын жеті ірі спорт нысанының құрылысы жүргізілуде. 2024 жылы Бұқар жырау, Ақтоғай, Қарқаралы аудандарында, Приозерск қаласында жұмыс Ақтас кентіндегі дене шынықтыру-сауықтыру кешендерін пайдалануға беру жоспарлануда», – деді басқарма басшысы Темірхан Абылаев.

Құрылыс «Қазақстан халқына» қоры мен «Самұрық-Қазына» АҚ қаражаты есебінен жүргізілмек.

ФУТБОЛ

Көшбасшы клубтан кетеді

Қарағандылық «Шахтер» футбол клубының көшбасшы ойыншыларының бірі, грузиялық қорғаушы Антон Толордава жанкүйерлер мен клуб мүшелері алдында сөз сөйлеп, командадан кететінін мәлімдеді.

Толордава өткен жылдың ақпан айында қарағандылық клубқа келген еді.

«Қарағандылық «Шахтер» клубының басшылығына, жаттықтырушылар штабына, медициналық топқа және бүкіл ұжымға кәсібилігі мен қолдауы үшін шексіз алғыс айтамын. Команданың, аймақтың, елдің намысын лайықты қорғап жүрген командаластарым мен клубтың әр жанкүйерінің шынайы қолдауын сезіндім. Алдағы уақытта тек жеңіс тілеймін. Мен ерқашан адал жанкүйер болып қаламын. Алға, «Шахтер!» – деп жазды 27 жастағы футболшы әлеуметтік желі парақшасында.

ДЗЮДО

Қоржында – қола

Алматыда дзюдодан ерлер арасында «Jenyu Cup» халықаралық командалық турнирі мәреге жетті. Бұл жарыста Грузияның «Shevardeni» командасы жеңімпаз атанса, күміс жүлде Тәжікстанның «Hoji Sharif» клубында. Ал, қарағандылық «Jenyu» клубының атынан өнер көрсеткен спортшылар қола жүлдеге ие болды.

Үшінші орын үшін тартыста жерлестеріміз «Lokomotiv Green Hill» клубымен кездесіп, 3:0 есебімен таза жеңіске жетті. Шешуші матчқа дейінгі кезеңдерде «Jenyu» клубы өкілдері «Spanish Judo Car-Madrid», «Stayki» және «Genko» клубтары да тізе бүктіргенін атап өткен жөн.

Ұйымдастырушылардың шешімімен жарыс қорытындысы бойынша үздік деп танылған спортшыларға арнайы сыйлықтар табыс етілді.

«Жеңіске деген ұмтылысы үшін» номинациясы бойынша Қанат Байшолоқтың құрметіне берілген сыйлықты Жансай Смағұлов жеңіп алды. Ал, Дастан Жұмажановқа Әлем чемпионы Максим Раков атындағы сыйлық табыс етілді.

Алдағы уақытта халықаралық командалық турнир жыл сайын өткізілмек және Қарағандыда ұйымдастыру жоспарлануда.

Дайындаған
Жәлел ҚУАНДЫҚҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

БӘРЕКЕЛДІ!

Испанияны өнерімен ұйытты



Сурет облыс әкімінің сайтынан

Даланың үнін тыңда, жаһан жұрты! Еркеғали Рахмадиев атындағы Қарағанды академиялық симфониялық оркестрі Испанияда гастрольдік сапармен жүр.

Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Еуропаның тыңдарманына қазақстандықтардың өнері ұнаса керек. Әр концертте зал лық толууда. Күмбірлеген домбыра мен күңіренген қобыз көрі құрлықтың жұртын баурап алған секілді. Әлеуметтік желіде пікірлер кеңінен тарап жатыр.

Гастрольдер бір айға созылады. Осы уақыт ішінде

ұжым 24 концерт береді. Қарағандылық музыканттар Испанияның кен сарайларында өнер көрсетеді.

Испанияның астанасы Мадридте 4 концерт өткізіп үлгерді. Сонымен қатар, оркестр Альбасете, Уэска, Сарагоса, Сан-Себастьян қалаларының сахналарында өнер көрсетті. Гастрольдік сапар 21 қантарда Мадридте өтетін қорытынды концертпен аяқталады.

ДЕМАЛЫС ОРЫНДАРЫНДА

Қысқы қызық алаңы

Теміртау қаласында жаңа мұз айдынының салтанатты ашылуы өтті. Қала халқы үшін бұл жағымды жаңалық. Мұз айдынына, тіпті, зейнеткерлер де келіп, немере-жиендерімен бірге қызықтап қайтты.

Жан АМАНТАЙ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Мәдени орталықтың қолдауымен онда арнайы бағдарлама ұйымдастырылды. Жаңа жыл кейіпкерлерінің костюмін киген актерлер мен хоккейшілер мұз айдының сәнін кіргізді.

Мұз тегістейтін мамандардың айтуынша, мұз айдының ашылуы бір апта бұрын жоспарланған. Алайда, ауа райының қолайсыздығына байланысты кейінге шегеріліпті. Қаланың кешкі серуен алаңына, жастардың жиналар орнына айналған арнайы мұз алаңына қала әкімі Ораз Тәуірбеков те келді.

– Сіздерді саламатты өмір салтын ұстауға шақырамын. Қаланың мұз айдыны барлық жас және шебер сыр-

ғанаушылар үшін әрдайым ашық. Жұмыстан тыс демалыс уақыттарыңызды осында өткізсеңіздер болады, – деді қала әкімі.

Сондай-ақ, жаңадан ашылған мұз алаңында қаланың мәнерлеп сырғанаушылары, Олимпиада резерві мектебінің аға және орта топтарының тәрбиеленушілері өнер көрсетті. Осыдан кейін мерекелік отпашулар жиналар қауымының көңілін көтерді.

Қазір мұз айдынының есігі келем деушілерге әрдайым ашық. Ол Тұңғыш Президенттің тарихи-мәдени орталығының сыртында орналасқан. Оның аумағы 6000 шаршы метрден асады.

ORTALYQ QAZAQSTAN
Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газеті

Құрылтайшысы: облыс әкімдігі
МЕНШІК ИЕСІ: «Saryarqa Aqparat» ЖШС

Директор – **Қ.Ж. ӘБІЛДА**
Директордың орынбасары –
«Индустриальная Караганда»
газетінің бас редакторы –
О.В. МЯГКИХ
Директордың орынбасары –
Г.Ш. ЖҰМАДИЛДИНОВА

Бас редактордың м.а. –
Қ.А. АЙТЖАН
Бас редактор –
Е.К. МҰСАБЕК
Сайт редакторы –
І.Д. МҰҚАЙ
Жауапты хатшы –
Ж.Қ. ШАЛҚАР

Телефондар:
Бас редактор: 43-38-53
Бас редактордың орынбасары: 43-58-08
Интернет-редакция редакторы: 43-38-33
Жауапты хатшы: 43-49-72
Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55;

Меншікті тілшілер:
Ақтоғай, Шет, Балқаш,
Приозерск: 8-702-293-13-70
Қарқаралы, Нұра, Осакаров: 8-777-073-71-13
Теміртау, Саран, Шақтық, Абай,
Бұқар жырау: 8-775-189-33-19

• Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
• Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.
• Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
• Материалдың жариялану ақысы төленген (R)

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігіндегі Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылы 15 желтоқсанда № KZ18VRY00030163 куәлігі берілді.
Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімжан Ермеков көшесі, №93 үй.

Электрондық пошта: ortalyk.kz@gmail.com; ortalyk.kaz@mail.ru
Жарнама бөлімі: ortalyk.reklama@mail.ru



Газет жеткізілімесе
41-26-82, 43-57-88
телефонына хабарласыңыздар.

«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ
Есеп-шот: kz50826MOKZTD2003131,
БИК KСJБKZKХХ БИН 000840001412

Таралымы 5 416

№ 2 тапсырыс. Индекс 65484
Оффсеттік басылған. Кәлемі 4 баспа табақ.

Бағасы келісім бойынша
«Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды.
Қарағанды қ., Сатбаев к., 15.
Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген.
Кезекші редактор **Салтанат Илияш**